



## БІРЛІК пен БЕРЕКЕНІҢ БАСТАУЫ БОЛҒАН ЕЛОРДА

**Техника түрленіп, цифрлық жаһандануға ден қойған заманда қала әлеуетін арттырып, экономикасын дамыту маңызды бола түсті. Сондықтан әлем елдері қалаларды дамытудың өзекті мәселелері және олардың қазіргі жаһандық әлемдегі өсу мен инновацияның басты орталықтары ретіндегі рөліне ерекше назар аударып отыр. Бұл туралы «Астананың 25 жылдығы. Жаңа перспективалар. Жаңа мүмкіндіктер» атты елорданың 25 жылдығына орай ұйымдастырылған форумда жан-жақты айтылды.**

Жиынға қатысқан Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев бір форумда бас қосқан бауырлас қалалардың басшыларына, әлемнің бірнеше елінен арнайы келген мәртебелі меймандарға алғысын білдіріп, Астананың 25 жылдық қалыптасу тарихына қысқаша

тоқталды. «Биыл біздің елордамызға 25 жыл толып отыр. Бұл – мерейлі белес. Біз ширек ғасыр бұрын астанамызды Алатаудың баурайынан Арқатөсіне көшірдік. Есілдің жағасына ел қондырып, жаңа қаланың іргесін қаладық. Бүгін осы маңызды жиынға

елорданың бұрынғы әкімдері, қаламыздың құрметті тұрғындары, еңбек ардагерлері, мәдениет, ғылым, спорт қайраткерлері, ғалымдар, ұстаздар, мемлекеттік қызметшілер қатысып отыр. Олар Тәуелсіз Қазақстанның тірегі болған Астананың құрылысына белсенде атсалысты, кеңес заманындағы ескі шаһардың қазіргі заманға сай озық қалаға айналуына зор үлес қосты. Мен баршаныңға шынайы алғыс айтамын. Шын мәнінде, Астана қаласының салынуы – Тәуелсіз Қазақстанның тарихында айрықша мәні бар оқиға болды», – деді Президент.

(Жалғасы 2-бетте)

## СЕНІМДІ СЕРІКТЕСТІКТІ НЫҒАЙТУДЫ ТАПСЫРДЫ

Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстанның Ресейдегі жаңадан тағайындалған елшісі Дәурен Абаевты қабылдады.



Кездесу барысында Мемлекет басшысы Ресей Федерациясымен стратегиялық серіктестікті одан әрі нығайтудың аса маңызды екенін атап өтті.

Мемлекет басшысы екіжақты қарым-қатынасты дамыту жөнінде Дәурен Абаевқа бірқатар тапсырма берді.

## БАС ҚАЛА СУСЫЗ ҚАЛМАЙДЫ



Елорда – болашағы зор қала. Бірақ келешегі кемел болуы үшін қаланың кәусардан еш тарықпағаны абзал. Астананың 25 жылдық мерейтойына арналған бауырлас қалалар форумында ел Президенті бас қаланың табысты болуының басты көрсеткіші оның тұрғындарының өмір сүру сапасымен өлшенетінін баса айтты. Яғни, елордамыз ең алдымен тұрғындарға ыңғайлы болуы керек. Ал бұл – қаланы ауызсумен қамтумен тікелей байланысты. Соңғы жылдары Астанада осы тұрғыда тапшылық байқала бастаған еді. Түйткілдің түйіні қалай тарқатылуда?

4 >>

## ЕКІЖАҚТЫ ҮНТЫМАҚТАСТЫҚ АРТА БЕРМЕК



**Президент Қазақстанға ресми сапармен келген Швейцарияның федералды кеңесшісі, Сыртқы істер министрі Иньяцио Кассиспен кездесу өткізді.**

Мемлекет басшысы Швейцарияның Алматыдағы Құрметті консулдың қызметінің басталуымен құттықтады. Оның ресми ашылу рәсіміне Иньяцио Кассис қатысты. Президент Швейцария Қазақстанның Еуропадағы негізгі саяси, сауда және экономикалық серіктестерінің бірі екенін айтты. Қазір Швейцария Қазақстанның жетекші 20 сауда серіктесінің қатарына кіреді. Елімізге жалпы көлемі 32,5 миллиард доллардан

астам инвестиция құйған үш ірі инвестордың бірі.

– Біз Қазақстан экономикасының перспективті салаларына инвестиция құюға дайын және швейцариялық компанияларды қолдаймыз. Қазақстан Үкіметі мен Stadler теміржол концерні арасында қол қойылған келісімнің келешегі зор деп ойлаймын. Сондықтан осы мәміленің жүзеге асырылу барысын ерекше қалағалаймыз. Бұл біздің қарым-қатынасымыздың дамуына тың серпін береді, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы Швейцария Конфедерациясының Президенті Ален Берсерге ізгі тілегін жолдады.

Иньяцио Кассис екіжақты үнтымақтастықтың қазіргі даму деңгейіне оң баға беріп, оны нығайту ісіне атсалысуға дайын екенін жеткізді. Швейцарияның Сыртқы істер министрі елімізде жүргізіліп жатқан ауқымды реформаларды жоғары бағалады.

Әңгімелесу барысында өңдеу өнеркәсібі, сауда және логистика, машина жасау, ауыл шаруашылығы, қаржы қызметтері, шифрландыру, білім беру салаларында бірлескен инвестициялық жобаларды іске асыруға ерекше назар аударылды.

Сонымен қатар кездесуде халықаралық және өңірлік күн тәртібіндегі өзекті мәселелер қарастырылды.

## АРМАН ҚАНАТЫНДАҒЫ АСТАНА!



2  
БЕТ

## ДЕПУТАТТАР ӨҢІРЛЕРДЕ ЖҮР



3  
БЕТ

## КІРШІКСІЗ КҮНДЕРДІҢ КУӘГЕРІ

Елордадағы ең кәрі ағашты білесіз бе? Есіл жағалауындағы Кеңесары ескерткішіне қарама-қарсы тұста 132 жастағы көктерек бар. Кемінде төрт адамның біріккен құлашына сыятын қарт терек бүгінге дейін мыңдаған адамның тәтті естеліктеріне куә болған деседі. Сол мөлдір хикаялар кәрі көктеректің Instagram желісіндегі фотоальбомында сақтаулы тұр.



5 >>





## БІРЛІК пен БЕРЕКЕНІҢ БАСТАУЫ БОЛҒАН ЕЛОРДА

(Басы 1-бетте)

Бұдан кейін ол елорданы көшіру оңай болмағанын, мұндай шешім өте күрделі кезеңде қабылданғанын еске түсірді. Ел экономикасы тұралап, жұрт нарықтық қатынастарға толық бейімделмеген кезеңде Жоғарғы Кеңес Тұңғыш Президент Нұрсұлтан Назарбаевтың бастамасы бойынша астананы Ақмолаға ауыстыру туралы шешімді 1994 жылы 6 шілдеде қабылдады. Ал 1997 жылы 10 желтоқсанда бас қаламыз ресми түрде көшірілді. Осыдан 25 жыл бұрын 6 мамырда Ақмола атауы «Астана» болып өзгертілді. Елорданың жылнамасы Тәуелсіз Қазақстанның шежіресімен тығыз астасып жатқанын айтқан Мемлекет басшысы, шын мәнінде астананы көшіру геосаяси тұрғыдан өте дұрыс қадам болғанын тілге тиек етті. Оның айтуынша, бұл — халқымыздың болашақ тағдырын айқындаған аса маңызды және дер кезінде қабылданған тарихи шешім. «Тұңғыш Президенттің осы бастамасы жана ұлттық идеяға айналды. Бұл шешім еліміздің, халқымыздың ұлттық мүддесіне сай келгеніне ешқандай күмән жоқ. Сондықтан бәріміз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың бұл саладағы еңбегіне лайықты, әділетті баға беріміз керек. Әділетті Қазақстанда ақтық қараны қарауға қажет. Басқа сөзбен айтқанда, ненің шындық, ненің өтірік екенін ажырата білу керек. Бұл — еліміздің болашағына тікелей қатысы бар мәселе», — деп атап өтті Президент.

Елорданың заманауи келбетін қалыптастыруға атсалысқан Кисс Курокава, Норман Фостер, Ренато Аркетти, Манфредо Николетти сияқты әлемге әйгілі сәулетшілердің де есімін айрықша атап өткен Қасым-Жомарт Тоқаев бас қаладағы бірегей нысандар қаланың көркінін аша түскенін жеткізді.

Жана елорда Тәуелсіз Қазақстанның өркендеуіне тың серпін берді. Астана жанару мен жаңғыруға жол ашты. Бүгінде Астана жан-жақты әрі қарқынды дамуда. Елордамыздың халықаралық беделі артса, қала ЮНЕСКО-ның шешімімен «Бейбітшілік қаласы» атанды. Бас қаламызда әлемдік деңгейдегі маңызды іс-шаралар ұйымдастырылды. Бүгінде Астана — дінаралық диалог пен рухани дипломатияның ордасына айналды. Оның айқын көрінісі — әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының съезі. «Елорда төрінде түрлі конфессия өкілдері бас қосты. Астанаға Рим папасы арнайы келгенін білесіздер. Кезінде аса мәртебелі П. Иоанн Павел қонақ болды. Былтыр аса қадірлі

Франциск келді. Олар Қазақстанның әлемдік руханиятты нығайтуға қосқан үлесін жоғары бағалады. Біздің игі бастамаларымызға қолдау білдірді. Бұл — біз үшін зор мәртебе», — деді Президент.

Астана — діннің басын қосқан, дінбасылардың дәстүрін тоғыстырған шаһар. Елорда төрінде талай мәрте дүбірлі додалар мен халықаралық сайыстар өтті. Бір сөзбен айтқанда, Астананы бірлік пен берекенің бесігі деуге толық негіз бар. Қазір Астанада Алматы, Ақмешіт, Орынбор, Түркістан, Сауран, Сығанақ, Сарайшық көшелері бар. Бұл — елдік пен мемлекеттік тарихының нақты көрінісі. Астана — еліміздің жүрегі. Осылай деген Президент Астана — болашағы зор қала екеніне тоқталды. Бұл орайда «жасыл қала» идеясын жүзеге асыруға айрықша мән берілуде. Ең алдымен, елорда тұрғындарға ыңғайлы қала болуы керек. Сондай-ақ Астана — аймақтағы ірі қаржы орталығы. Әлемнің 75 елінің 2 мыңнан аса компаниясы бизнес жүргізу үшін Астана халықаралық қаржы орталығын таңдады. Бүгінде Қаржы орталығы елімізге 8 миллиард доллар инвестиция тартты. Әлемдік саясатшылардың өзі Астананы бейбітшілік алаңына тенеңді. Өйткені ұстанымы бөлек, мүдделері қарама-қарсы елдер бітімге келді. Бұдан кейін бәсеке деңгейі жоғары және құбылмалы қазіргі әлемде қалалардың қарқынды әрі орнықты дамуы өте маңызды екенін жеткізген Мемлекет басшысы: «Астаналар мен ірі мегаполистер — мемлекеттің саяси, экономикалық және мәдени өмірінің өзегі. Олар мемлекеттердің өркендеуінде жетекші рөл атқарады. Инвестицияларды, инновациялық технологияларды, ең бастысы, адами капиталды тарта отырып, қалалар орасан зор күш шоғырланатын ортаға айналады» дей келе, қалаларды тиімді басқару және урбанистикадағы жана үрдістерді жүйелі зерделеу қажеттігіне назар аударды. Бұл мәселе болашаққа ұмтылған әр мемлекет үшін стратегиялық маңызға ие бола бастады.

Орнықты даму саласындағы БҰҰ мақсаттарының бірі қаланы дамытуға арналғанын айтып, бұл да кездейсоқ еместігіне тоқталды. Себебі әлемнің жылдам дамып келе жатқан астаналарының қатарына кіретін елордамыз басқа қалалардың дамуына үлгі бола білді. Өткен ширек ғасырда еліміздің бас қаласының аумағы 3 есе ұлғайып, халқының саны 4 есе өсті. Ел астанасы мәртебесіне ие болған сәттен бері елорданың экономикалық әлеуеті 100 есе артып, қала экономикасы елдегі жалпы

ішкі өнімнің 10 пайыздан астамын құрап отыр. Алайда үлкен көрсеткіштер қаланың үйлесімді дамуымен үнемі сәйкес келе бермейтінін айта келіп: «Менің ойымша, мегаполистердің табысты болуының басты көрсеткіші оның тұрғындарының тұрмыс сапасымен өлшенуге тиіс. Сондықтан елорданы дамыту және абаттандыру кезінде біз «адам қала үшін емес, қала адам үшін» қағидатын басшылыққа аламыз. Адамға бағдарланған мұндай ұстаным мүлде басқа стратегиялық мақсатты көздейді. Қала әкімдігі, ең алдымен, тұрғындардың мүддесі мен қажетін басшылыққа алады. Астананың барша тұрғыны мен қонақтары үшін қалада барынша қолайлы орта қалыптастыру — аса маңызды мәселе. Біз бәріне тең мүмкіндік берілетін қоғам құру жолын таңдалық және осы бағытта дамып келеміз. Сондықтан өзара жауапкершілік пен азаматтық ынтымақтастыққа негізделген инклюзивті дамуға айрықша мән береміз», — деді Президент. Сондықтан білім беру, денсаулық сақтау нысандары, мәдени-демалыс мекемелері, саябақтар мен қоғамдық орындар тұрғындар үшін бірдей қолжетімді болуы тиіс. Әсіресе ерекше қажеттілігі бар азаматтарға арналған қала инфрақұрылымының қолжетімділігін арттыру маңыздылығына тоқталды.

Бүгінде Астанада әлемдік деңгейдегі клиникалары бар медициналық кластер қалыптасты. Бұл ғана емес, Астана — ақылды қала атауына ие болды.

Ендігі жерде ел экономикасын дамытудың қозғаушы күші болатын қуатты қала атануына айрықша мән беру қажет. Бұл орайда осындай ортақ пікір ортаға салынатын жиындар тәжірибе алмасып, өзара тиімді байланыстар орнатуға жол ашатынын айтты. Сөз соңында Мемлекет басшысы Астанаға арнайы келген мәртебелі меймандардың ой-пікірлері мәселенің мәнін ұғынуға сеп боларына сенім білдірді.

Іскерлік байланысты арттыруға бағытталған айтулы шараға әлемнің 15 елінен беделді сарапшылар, әлемдік бизнес, қаржы институттарының көшбасшылары, сондай-ақ 17 қаладан қала мэрлері мен вице-мэрлер қатысты. Бірқатар халықаралық келісімдерге қол қойылған жында сөз алған Астана қаласы әкімі Жәніс Қасымбек ерекше себеппен өткен форум өзара ынтымақтастықты нығайтып, дамуында жана моделін қалыптастыратынын айтты. Өйткені қала өміріне қан жүгірту — әлемге ортақ мәселе.

Жадыра МҮСІЛІМ

Тұтас елдің тағдырын жаңа парақтан бастаған елордамыз — Астана қаласы ертегідегі батырлардай күннен-күнге, жылдан-жылға көркіне көрік қосып келеді. Сәулеті жарасқан, биіктігі аспанмен таласқан әсем ғимараттары, бейне бір қаланың өң бойына қан жүгірткен тамырындай есіліп аққан Есіл өзені, күмбезі күнмен шағылысқан мешіттері, кешегі тарихымыздан сыр суыртпайтын мәуелі ескерткіштері — барлығы қала халқының мерейін өсіріп, жанына шуақ сыйлайды. Қала жаны — халық. Астана күні мерекесіне орай, Еуразия «жүрегімен» жүректері үндес тапқан осындай жандардың шаһар туралы шабытты лебіздеріне құлақ тостық.

## АРМАН ҚАНАТЫНДАҒЫ АСТАНА!



Сембіғали СМАҒҰЛОВ,

Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, «Қазақ Елі» монументінің авторы, белгілі суретші әрі мүсінші:

### ЕРЕКШЕ ШАБЫТ СЫЙЛАЙДЫ

— Астана әрбір шығармашылық иесіне ерекше шабыт сыйлайтын қасиетке ие. Осы уақытқа дейін 100-ден аса монумент жұмыс пен кескіндеме туындылары дүниеге әкелді. Соның ішінде халықтың ерекше ықыласына ие болған ақ мәрмәрден Тәуелсіздік алаңының қақ ортасында бой көтерген «Қазақ елі» монументі менің шығармашылығымдағы ерекше туынды болып қалды. Осы шаһардың көркемдігі аз да болса өзіміздің үлесімді қосқаным үшін кеудемді мақтаныш сезімі кернеп, қуанышым еселене түседі. Одан бөлек, Жаушылар алейесіндегі Сәкен Сейфуллин, Ілияс Жансүгіров және Бейімбет Майлин ескерткіштерін құралған үш арыс композициямен «Астана Опера» Мемлекеттік опера және балет театрының маңдайшасындағы бедерлі ою жұмыстарым қаланың көркіне қосқан үлестерімнің бірі. Әлбетте, әр қаланың өзіне тән мәселелері болады. Мәселен, Еуропа, батыс елдеріндегі халықтар қаншама ғасырлар қала тіршілігімен біте қайнасып, қалада өмір сүрген бабаларының сүйектеріне мүк басып, қала мәдениеті қалыптасып, даңғыл жолға түсіп үлгерді. Осы ретте күні кеше ғана елорда статусын алған Астанамыз — әлемде қала құрылысы тұрғысынан қазіргі уақытпен үндесетін, мәдени көрінісі мен сәулеттік сипаты жоғары және техникалық талаптарға сай салынып, күн сайын кеңейіп келе жатқан мегаполистердің бірі хәм бірегейі. Дегенмен Ұлан-Батордан кейін екінші суық астана саналатын қаланың сәулеттерінде жылу шақыратын қанық бояулары көптеп ұшырасса деген маман ретіндегі тілегімді бар.

Сапарбай ЖҰБАЕВ,

Экономика ғылымдарының кандидаты, қаржылық сарапшы:

### ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҚАРҚЫНЫ ЖОҒАРЫ

— Ташкенттен 2006 жылы қоныс аударып, Астанаға 2010 жылы Еуразия университетіне оқытушы қызметіне орналасып, отбасымызбен көшіп келдік. Ол кезде Астанамыз елорда ретінде енді еңсесін тіктеп келе жатқан қаланың бірі еді. Ұл-қыздарым осында білім алып, жауапты қызметке орналасып, барлығымыз тағдырымызды Астанамен байланыстырып үлгердік. Бүгінде сәулеті жағынан қай мемлекеттің астанасынан да кем түспейтін көрікті мекенге айналды. Елордамыз — Астана Батыс пен шығыс түйіскен сайын дала төсінде көпжақты саяси және экономикалық қарым-қатынас орнатып, мәдени-әлеуметтік ынтымақтастықты тоғыз жолдың торабында тоғыстырды. Әр жылдары әлемдік деңгейде ұйымдастырылып жатқан ауқымды кездесулер, форумдар мен саммиттер, спорттық, мәдени іс-шаралар елордамыздың әлемдік аренада оң имиджінің қалыптасуына зор ықпалын тигізді. Сондықтан да Астана 1999 жылы ЮНЕСКО шешімімен «Әлем қаласы», 2012 жылы «Түркі әлемінің мәдени астанасы» мәртебесіне ие болды. Экономикалық тұрғыдан да қарқынды өсіп келе жатқан алып шаһарлардың бірі. Экономист ретінде айтарым, бүгінде елімізде 20 өңір бар болса, соның ішінде Астанамыз салықтық әлеуеті мен бюджеті жағынан өзін-өзі қамтамасыз ететін ел экономикасының 10 пайызын құрап тұрған қала. Қаржы орталық мәселесі, банк, сақтандыру жүйесі бойынша көш бастап тұрған, дамуында даңғыл жолына түскен мегаполис болып саналады. Бұл өз кезегінде халықтың тұрмыс-тіршілігіне айтарлықтай оң әсерін тигізеді. Астанамыз да көрікті келбетін қалыптастыра отырып, қайырымды қала атанады деп сенемін.

Ғазиза ҚҰДАЙБЕРГЕН,

Ұлттық академиялық кітапхана директоры:

### МҮМКІНДІКТЕР МЕКЕНІ

— Еліміздің қай өңірі болмасын, өзіне тән көркімен, табиғи ерекшеліктерімен өзіне баурап тұрады ғой. Мен де ару Алматыдан әсем Астанаға келгеніме көп бола қоймаса да, мұнда бауыр басып үлгердім. Қызметім кітапханамен байланысты болған соң мені мұндағы халықтың мәдени іс-шараларға белсенділігі ұнады. Кітапханамызда қандай іс-шара өтсе де, оқырмандар мен зиялы қауым өкілдері өте белсенді атсалысады. Әртүрлі мәдени іс-шараларды өткізуге арналған ғимараттар, музей-мұражайлары еріксіз мойын бұрғылады. Яғни, Астананың мәдениеті ошағына айналғанының көрінісі дер едім. Кейде, тіпті театрға билет таппай қалатын кездеріміз болады. Бұл да қала халқының мәдениетті өмір салтының көрінісі. Аспанының ашықтығы, майдай есіп тұратын ерке самалы, кептелістің аздығы, көсілген жазықтығы адамға еркіндік сыйлайды. Маған мұндағы саябақтар мен Есілдің әсем жағалауында серуендеген ұнайды. Күн сайын еліміздің тағдырына әсер ететін маңызды саяси шешімдер қабылданатын, өсемін, өркендеймін деген жанға көптеген мүмкіндіктер мекені дер едім.

Дайындаған:  
Наурызбек САРША

## СЕНАТ ТӨРАҒАСЫ ТОШИАКИ ЭНДОМЕН КЕЗДЕСТІ



Сенат Төрағасы Мәулен Әшімбаев Жапония Парламентінің Қазақстанмен достық лигасының төрағасы Тошиаки Эндо бастаған Жапония Парламенті депутаттарының делегациясымен кездесті. Кездесуде тараптар парламентаралық ынтымақтастықты одан әрі нығайту мәселелерін талқылады.

Өз сөзінде Мәулен Әшімбаев Жапония Қазақстанның Азия-Тынық мұхиты өңіріндегі маңызды саяси және экономикалық серіктестерінің бірі екенін атап өтті. Палата Спи-

кері Жапония Парламентінің Қазақстанмен достық лигасының жұмысын жоғары бағалап, парламентаралық ынтымақтастықты халықаралық ұйымдар аясында да арттырудың

маңызды екенін тілге тиек етті. Сенат Спикері елімізде Мемлекет басшысының бастамасымен іске асырылып жатқан реформалардың маңызына да тоқталып өтті.

Сонымен қатар Мәулен Әшімбаев Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлері съезінің қызметіне назар аударып, діни форумға көрсеткен қолдауы мен оған белсене қатысып келе жатқаны үшін жапон тарапына алғыс білдірді. Өз кезегінде Тошиаки Эндо Қазақстанда жүргізіліп жатқан саяси өзгерістердің тиімділігін және жан-жақты өзара іс-қимылды арттырудың маңызды екенін айтты.

Сенат Төрағасы Мәулен Әшімбаев «Тенгiшверойл» ЖШС Бас директоры Кевин Лайонмен де кездесті. Кездесу барысында тараптар мұнай саласындағы өзекті мәселелерді және компанияның жұмыс жоспарын талқылады.

Сұхбат кезінде өндіріске озық технологияларды енгізу мәселелері кеңінен сөз болды. Астана халықаралық форумында Мемлекет басшысы су тапшылығына назар аударып, бұл проблеманы қазіргі заманның басты сын-қатерлерінің бірі ретінде атап өткен болатын. Сонымен қатар кездесуде еліміздің ішкі қажеттіліктерін қамтамасыз етуге арналған газ жеткізу саласындағы ынтымақтастықты кеңейту мәселелері өңгімеге арқау болды.

Өз кезегінде Кевин Лайон компанияның алдағы жоспарлары туралы айтып, өзара белсенді іс-қимылға дайын екенін жеткізді.

# ДЕПУТАТТАР ӨНІРЛЕРДЕ ЖҮР

**Өткен демалыс күндері Парламент Мәжілісі VIII шақырылымының жұмысы аяқталып, депутаттар каникулға кеткен болатын. Осы аптадан бастап олар дәстүр бойынша өңірлерге сапарын бастады. Халық қалаулыларының басым бөлігі – аманаттық депутаттар. Сайлаушыларымен кездесуде жинақталған қазақстандықтардың ұсыныс-тілектері заң жобаларын қарау кезінде ескерілетін болады.**

## ЖАС ЖҮМЫССЫЗ ЖҮРМЕЙДІ, ЖЕРІ БОЛСА...

Мәжілістегі «AMANAT» фракциясының мүшелері Мархабат Жайымбетов пен Мұрат Ерғешбаев Қызылорда облысы Сырдария ауданында болып, партияның сайлауалды бағдарламасы аясында салынып жатқан әлеуметтік нысандарды аралады. Сондай-ақ халық



қалаулылары Айдарлы ауылындағы егін даласында жұмыс істеп жүрген ауыл жастарының еңбек бригадасымен кездесті. Аталған бригада 2019 жылы құрылды. Бұл – облыстағы жалғыз бригада емес. Аудандағы жастар жұмыссыздығының деңгейін төмендету мақсатында облыс әкімінің қолдауымен Шіркейлі, Айдарлы, А.Токмағанбетов, Аманкелді, Бесарық, Жетікөл, Қоғалықол сынды 7 ауылдық округте осындай бригадалар жұмыс істей бастады. Онда жұмыссыз, НЕЕТ санатындағы, пробация есебінде тұратын 200-ге жуық жас азамат жұмыс істеуде. Ауыл жастарына мемлекет тарапынан тегін уақытша жер, су айдайтын насос беріліп, демеушілер жер жыртуға, егін алқабын қоршауға және жанар-жағармаймен қамтамасыз етуге қол ұшын созған. Соның нәтижесінде жастар 35 гектар жерге картоп және 25 гектарға бақша дақылдарын екті.

«Жұмыссыз жүрген 40 жас азамат көктемде Жанакорған ауданындағы Жайылма ауылдық округіне жіберіліп, егін егу тәсілдерін тегін үйреніп қайтты. Ал Шіркейлі ауылдық округінде құрылыс материалдарын өндіретін «Шіркейлі» жастар бригадасы жұмыс істейді. Оның құрамында 30 азамат бар. Олар цемент, әк және т.б. құрылысқа қажетті заттарды өндіреді», – деді Сырдария аудандық жастар ресурстық орталығының директоры, аудандық мәслихаттағы «AMANAT» партиясы фракциясының мүшесі Нұрман Абдрасилов.

Кездесу барысында бригада мүшелері халық қалаулыларына өз ұсыныс-пікірлерін жеткізді. Мәселен, «Жетікөл» жастар бригадасының бригадирі Дархан Әзімханов тынайтықш мәселесін шешіп беруді өтінді. Халық қалаулылары ауыл жастарының барлық ұсыныс-пікірі назарға алынатынын жеткізді.

«Жастардың мемлекет пен демеушілер тарапынан көрсетілген көмекті тиімді пайдаланып жатқаны қуантады. Болашақта партияның «Ауыл аманаты» жобасы аясында жұмысты жетілдіру қажет. Кооператив құрып, егіс көлемін арттырған кезде субсидия мәселесі де шешіледі», – деді Мұрат Ерғешбаев.

Ал депутат Мархабат Жайымбетов «AMANAT» партиясы заңсыз бөлінген немесе пайдаланылмай жатқан жерлерді мемлекетке қайтарып, оны ауыл шаруашылығы айналымына енгізу жұмысын «Жер аманаты» жобасы аясында қарқынды жүргізіп жатқанын жеткізді. Сондай-ақ ол жастар арасындағы жұмыссыздық деңгейін төмендету бойынша қолға алынған жұмыстарға тоқталды. Айта кетейік, кездесуге партияның облыстық филиалының төрағасы Наурызбай Байқадамов пен өңірге жұмыс сапарымен келген Сенат депутаты Руслан Рүстемов те қатысты.

Қызылорда

## ШЕКАРА МАҢЫНА ЖАН БІТСЕ...

Мәжіліс депутаты, «AMANAT» партиясы фракциясының мүшесі Нұртай Сабильянов Абай облысындағы сапарын шекара маңындағы Мақаншы ауылының тұрғындарымен кездесуден бастады. Кездесу барысында Мақаншы тұрғыны Әбен Разуев Мақаншы өңірінің ахуалын жақсарту мақсатында ауданды құру жұмыстарын тездетіп бастау туралы ұсынысын айтты. Осы орайда депутат ауданға қарасты әр елді мекен бойынша көтерілетін сұрақтар талқылауға салынып, тиісті қаражат бөлінгеннен кейін ғана жұмыстар қолға алынатынын жеткізді.



«Ел Президенті Түркістан қаласында өткен Ұлттық Құрылтайда Мақаншы ауданын қалпына келтіру туралы шешім қабылдағанын айтқан болатын. 1997 жылы Семей облысының таратылуына байланысты Мақаншы ауданы жабылып, Ұржар ауданына қосылған. Енді жеке аудан ретінде жұмыс істеуіне барлық әлеуеті жеткілікті. Өңірде туризм, кен өндірісі, Қытаймен шекарадағы кеден бекеті арқылы сауда-саттық жақсы дамыған. Мақаншы ауданы құрылуы үшін тиісті әлеуметтік-экономикалық жағын ыңғайластырып, өңірдің инфрақұрылымының дамуына тиісті қаражат қарастырылуы керек. Бұл жұмыстар, әрине, біраз уақыт алады. Дегенмен, мәселені

көпке созбай, шешуіміз қажет. Бұл бағытта тиісті ұсыныстар жібереміз», – деді Н.Сабильянов.

Ал ауыл тұрғыны Тұрғали Қалықжанов Мақаншыға газ құбырының тартылуын сұрады. Сондай-ақ мұндағы шаруалардың негізгі айналысатын кәсібі мал және егін шаруашылығы болғандықтан осы бағытта механизатор, мал дәрігері сияқты ауыл шаруашылығы мамандарының жоқтығы қынжылтатынын айтты. Өз кезегінде, сайлаушылардың сұрағына толыққанды жауап берген мәжілісмен Парламент қабырғасында елді мекендердегі инфрақұрылымды дамыту мәселесі көтерілгенін, ал газдандыруға қатысты мәселе бүгінде Энергетика министрлігінде қарастырылып жатқанын жеткізді.

«Бұл мәселе Үкімет сағатында көтерілген болатын. Жалпы аймақ бойынша газдандыру қарастырылуда. Бұл облыс экономикасының барлық салаларын дамытуды қамтамасыз етуге, экологиялық жағдайды жақсартуға, халықтың әлеуметтік деңгейін арттыруға және жеке үйлерде тұрудың жайлылығын арттыруға мүмкіндік береді. Қазіргі уақытта Энергетика министрлігі өңірлерді газдандыруды өзектендіру бойынша жұмыстар жүргізуде», – деп атап өтті депутат.

Кездесулер барысында халық қалаулысы азаматтарды жеке мәселелері бойынша да қабылдады. Сонымен қатар ол Ұржар ауданына жұмыс сапары аясында Малак ауылындағы сумен жабдықтау нысандарының жұмыс барысымен және құрылысымен танысты. Ұржар аудандық Сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімінің бас маманы Самат Маусымбаев Малак ауылындағы су құбыры желілерін салу жұмысына техникалық қадағалау қызметі тарапынан конкурстің нәтижесі қайта қаралып жатқанын жеткізді. Желінің ұзындығы – 8,9 шақырым, ұңғыманың тереңдігі – 55 м. Мердігер мекеме «Наз» ЖШС нысандағы құрылыс жұмысын қазан айына дейін аяқтауды жоспарлап отыр.

Абай

## АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫН ДАМУҒА АСА МАҢЫЗДЫ

Парламент Мәжілісіндегі «AMANAT» фракциясының депутаты Самат Мұсабаев Маңғыстау облысындағы Жаңаөзен қаласында болып, Korkem Alem ет комбинатының жұмысымен танысты. Халық қалаулысы комбинаттың адал өнім шығарып, сапалы қызмет көрсетуіне назар аударды. Комбинат қызметі барлық санитарлық талаптарға сай келеді. Кәсіпорында ет және өнімдерінің құрамына, тазалығына, жарамдылығына қатысты зерттеу-сараптама жұмысын жүргізетін, арнайы құрылғыларымен жабдықталған зертхана жұмыс істеп тұр.

«AMANAT» партиясы сайлауалды бағдарламасы аясында ашылған шағын және орта кәсіптің халыққа сапалы қызмет көрсетуіне әрдайым жіті мән береді. Бүгін Korkem Alem комбинаты халыққа адал өнім ұсынып, сапалы тауар өндіруге қаншалықты мән беріп отырғанын, өзге кәсіпкерлермен қандай байланыс орнатып жатқанын назарға алдым. Сондай-ақ кәсіпкерлердің етті қайдан алып жатқанына, жергілікті биліктің қолдау шараларына зер салдым», – деді халық қалаулысы.



Комбинатта барлық жұмыс процесі ережеге сай жүргізіледі. Мал сою, ет өңдеу талаптары сақталып, автоматтандырылған жүйе негізінде жұмыс істеледі. Мұнда ай сайын 360 тонна ет шығарылып, 100 тонна ет өнімі өндіріледі. Еттен жасалатын жартылай фабрика өнімдері, деликатесер және ас үйге қажет өзге де өнімдер бар. Комбинат директорының орынбасары Нұркелді Үсеновтің айтуынша, барлық өнім ҚМДБ-ның халал стандартына толық сәйкес келеді.

«Біз алдылдықтан аттаған істі күп көрмейміз. Басты қағидамыз да – осы. Барлық күш-жігерімізді сапалы өнім өндіріп, отандастарымызға адал ас ұсынуға жұмсаймыз. Бұған қоса, жергілікті жастарды жұмыспен қамтып, өскелең ұрпаққа көп мүмкіндік жасап отырмыз. Осы күні компанияда 140-қа жуық адам еңбек етеді. Оның 130-ы – жергілікті тұрғындар. Жоба толық күшіне енгеннен кейін 200-ден астам азаматты жұмыспен қамтуды көздеп отырмыз», – деді ол.

Айта кетейік, алдағы 5 жылда «AMANAT» партиясы Маңғыстау облысы бойынша сайлауалды бағдарламасын жүзеге асыру аясында жыл сайын кемінде 15 инвестициялық жобаны жүзеге асыруға, соның ішінде ауыл шаруашылығы өнімдерін, атап айтқанда, ет, сүт өндіруге, сондай-ақ құс фабрикасын салуға ықпал етуді көздеп отыр. Жаңаөзенде 500 бас ірі қара малға арналған бордақылау алаңы, Мұнайлы ауданында тағы осындай екі алаң салынады. Сондай-ақ облыстық «Жер аманаты» комиссиясы заңсыз бөлінген немесе пайдаланылмай жатқан жерлер мен жайылымдарды мемлекет меншігіне қайтаруға күш салуда. Жыл сайын орта есеппен 300 мың гектар жер қайтарылады.

Маңғыстау

## ЖОЛ АЗАБЫН ТАРТЫП ОТЫР

«Шығыс Қазақстан облысы Зайсан ауданындағы Майқапшағай-Зайсан жолының жыры ұзаққа созылып кетті. Жол азабын тартқан халық әбден шаршаған». Өңірге арнайы сапармен барған Парламент Мәжілісінің депутаты, «AMANAT» партиясы фракциясының мүшесі Е.Саиров осылай деп отыр. Депутат облыс орталығынан шалғайда жатқан шекаралық аймақ болып саналатын Тарбағатай және Зайсан аудандарының жұртшылығымен бірнеше кездесу өткізді. Олардың ішінде орманшылар қауымы да бар. Қаратал ауылдық округінде тұрғындармен болған жездесуде халық қалаулысы 5 жылдан бері салынып бітпеген жол мәселесіне қынжылысын білдірді.

«Жол салып жатқан шетелдік компания өкілдерімен мәселені талқыладық. Осы жерде компанияның өндірістік жұмысына жауап беретін азаматтар тұр. Жағдай мез емес. Ашығын айту керек, компания жолды биыл салып үлгермейді. Бұл компания Қазақстанның юрисдикциясында жоқ. Сондықтан олар жергілікті жердің де, «ҚазАвтоЖолдың» да азаматтарына сырт қарап отыр. Бұл мәселені біз өзіміздің бақылауымызға аламыз. Ең болмаса ауылдың ішіндегі жолдарды биыл бітіріп беруі керек. Өйткені жол азабын тартқан халық



моральдық тұрғыда шаршап кетті. Шұғыл шешімдер қарастырамыз», – деді мәжілісмен.

Сондай-ақ ол Зайсан ауданында орманшылармен де жүздесіп, олардың базынасын тындады.

«Қаншама жылдан бері осы мекемеде қызмет атқарып жүрміз. Біздегі ең басты мәселе – өрт сөндіру техникаларының тозығы жеткен. Қазір техника дамыған уақыт. Бірақ біз әлі күнге дейін сол ескі құрал-жабдықтармен жұмыс істейміз. Осы мәселенің шешілуіне ықпал жасауларыңызды сұраймыз», – деді Орман өрт сөндіру станциясының басшысы Аманбек Жасаров.

Мамандардың айтуынша, орман шаруашылығының меншігіндегі техникалардың әбден тозығы жеткен. Сондай-ақ ондағы қызметкерлердің жалақысы да мардымсыз.

«Жұмыс уақытына қарамастан қызметкерлердің жалақысы өте аз. Олар күндіз-түні түрлі ауа райында жұмыс істейді. Сондықтан да жалақы мәселесі реттелсе жақсы болар еді», – дейді Зайсан орманшылығы басшысының міндетін атқарушы Айдын Ескендіров.

Өз кезегінде Ерлан Саиров жақында Абай облысында орын алған өрт осы салада түйткілді мәселелердің көп екенін көрсеткенін алға тартты.

«Мемлекет басшысы саладағы кемшіліктерді анықтап, оны жоюды тапсырды. Сонымен қатар осы жылдың I шілдесінен бастап орманшылардың айлығы көтеріледі. Ал министрлік материалдық-техникалық базаны жақсарту жұмыстары кезең-кезеңімен жүзеге асырылатынын мәлімдеді. Бұл мәселе бойынша Мәжіліс депутаттары тиісті министрліктің жұмысын назарда ұстайды», – деді депутат.

Сонымен қатар Ерлан Саиров осы сапары барысында Тарбағатай ауданына қарасты бірнеше ауыл тұрғындарының мұң-мұқтажына құлақ түрді. Жаңауыл ауылының жұртшылығымен кездесу барысында шекаралық аудандарға байланысты заң жобасы туралы, жастарға берілетін жеңілдіктер, аудандағы білім мен медицина әлеуетін арттырудағы жобалардың жүзеге асуы жөнінде әңгімелесті. Ауыл тұрғындары интернет жылдамдығы, арзан пайызды несие алу, дипломмен ауылға мәселелері бойынша сауалдар қойды.

ШҚО

## ЖЫЛУ ҮЗІЛМЕСІН ДЕСЕК...

Осы аптада Мәжіліс Төрағасының орынбасары, «AMANAT» партиясы фракциясының мүшесі Альберт Рау Рудный қаласында болып, жылу желілерін жаңғырту барысымен танысты. Сондай-ақ ол «ССКӨБ» АҚ ЖЭО, «Рудный су арнасы» ЖШС және «Рудный жылу желілері» ЖШС еңбек ұжымдарымен кездесті. Сонымен қатар ол 2023-2027 жылдарға арналған «Халықпен бірге!» сайлауалды бағдарламасын орындау жөніндегі Жол картасының Рудный қаласында жүзеге асырылу барысын тексерді.

«Рудныйдың жылу желілерін жаңғырту жұмысына арналған алғашқы 4 млрд теңгені бөліп қойдық. Жұмыс жүріп жатыр. Арнайы келіп соған көз жеткіздім. Бұл жұмыс алдағы жылы да жалғасып, тағы 4 миллиард теңгеден астам қаражат бөлінеді. Бюджетті қыркүйек-қазан айларында қарастырамыз. Алдағы екі-үш жылдың жоспары әзірленді. Оның ішінде Қашар кентін сумен жабдықтау және бірқатар орамшілік желілерді жаңғырту жұмысы да бар», – деді Альберт Рау.

Халық қалаулысы Рудныйдің коммуналдық шаруашылық қызметі мамандарының жетіспеушілігі байқалатынын атап өтті. Бұған жалақының аздығы да себеп болып отыр. Бұдан соң, Альберт Рау пәтер иелерінің тұтыну кооперативтері (ПИТК) және ПИК төрағаларымен кездесіп, ПИК қызметін жетілдіруге қатысты «Тұрғын үй қатынастары туралы» заң жобасын талқылады.



«Мен бұл заңды тұрғын үй қатынастары туралы емес, адамдар арасындағы, көршілер арасындағы аламы қарым-қатынас деп атадым. Реформаға небәрі жарты жыл уақыт бөлу туралы шешім қабылдаған кезде, мен қарсы болдым. Себебі тұтас сананы өзгерту үшін белгілі бір уақыт қажет. Соған қарамастан, осындай мерзім берілді. Нәтижесінде азаматтардың 10%-ы ғана белсенділік танытты. Біз бірқатар түзету әзірлеп жатырмыз. Себебі ПИТК мен ПИК қызметі жетілдірген жағдайда ғана тұрғындардың мүддесі ескеріледі. Бұл ең алдымен есеп берудің ашықтығына, басқару органдарын сайлауға қатысты болмақ. Бәрін ашық әрі әділ жасау керек: әр үйге жинақ шотын ашып, үнемі есеп беріп отыру қажет. Қыс бойы қаржы жинап, көктемде жөндеу жұмысын жүргізуге болады. Егер адам қаражатының қайда жұмсалып жатқанын білетін болса, пәтер иесі екенін де сезіне бастайды. Нәтижесінде тиісті қарым-қатынас пайда болады», – деді ол.

Айта кетейік, алдағы 5 жылда партияның «Халықпен бірге!» сайлауалды бағдарламасына сәйкес, ел аумағындағы ТКШ инфрақұрылымын ауқымды жаңғырту көзделген. Қостанай облысындағы Қостанай, Лисаковск, Арқалық және Жітіқара қалаларында жылумен жабдықтау желілерінің 100 шақырымын күрделі, ағымдағы жөндеу және жаңғырту жұмысы жоспарлануда. Сондай-ақ Арқалықта электрмен жабдықтау желісінің 40 шақырымына күрделі жөндеу жүргізіледі.

Қостанай

# БАС ҚАЛА СУСЫЗ ҚАЛМАЙДЫ

**Елорда – болашағы зор қала. Бірақ келешегі кемел болуы үшін қаланың қаусардан өш тарықпағаны абзал. Астананың 25 жылдық мерейтойына арналған бауырлас қалалар форумында ел Президенті бас қаланың табысты болуының басты көрсеткіші оның тұрғындарының өмір сүру сапасымен өлшенетінін баса айтты. Яғни, елордамыз ең алдымен тұрғындарға ыңғайлы болуы керек. Ал бұл – қаланы ауызсумен қамтумен тікелей байланысты. Соңғы жылдары Астанада осы тұрғыда тапшылық байқала бастаған еді. Түйткілдік түйіні қалай тарқатылуда?**

Айхан ШӘРІП



Фалымдар Ақмола қаласының аумағында ауызсу кат екенін 90-жылдардан бастап ескертіпті. Бұл мандағы өзен-көлдін біразының суы адамның тұтынуына жарамайды. Техникалық су. Целиноград, бертінде Ақмола қаласының тұрғындарын сумен жабдықтау үшін кеңес кезінде Вячеслав су қоймасы (қазіргі атауы «Астана су қоймасы») салынды. Ақмола облысының Аршалы ауданында, Есіл өзенінің жоғарғы ағысында орналасқан жасанды су қоймасы 61 шаршы шақырымды алып жатыр. Көлемі — 410 миллион текше метр, ұзындығы 11 шақырым ғана. Терендігі небәрі 6,8 метр болды. Бұл 1996 жылы небәрі 270 мың адамды құраған Ақмола қаласының халқы үшін жеткілікті еді.

Бірақ өткен ширек ғасырда еліміздің бас қаласының аумағы 3 есе ұлғайып, халқының саны төрт есе өсті. Сарапшылардың болжамынша, елорда тұрғындарының саны 2030 жылға қарай 2 миллионға жетеді. Астаналықтардың миллионнан асканы 2016 жылғы 4 шілдеде жарияланды. Қалада су мәселесі өткір тұрғанын Экология және табиғи ресурстар министрлігінің Су ресурстары комитеті де растады.

«Есіл өзенінің су шаруашылығы бассейнінің жергілікті су ресурстарына жоғары ауыртпалық түсіп тұр. Оның суының 96 пайызы шаруашылық-түрмыстық қажеттіліктер үшін шығындалады. Құбырлардың тозуы, шұрық тесік болуы салдарынан сумен жабдықтау жүйелерінде судың тағы 15–20% босқа ысырап болады. Өңірдегі топтық су құбырларының жүйелері 50–60 жыл бұрын пайдалануға берілген, тиісінше, физикалық, моральдық жағынан тозған. Сондай-ақ елорданың қарқынды дамуына, оның тұрғындары санының үнемі, тоқтаусыз өсіп отыруына

байланысты Астана қаласын сумен қамтамасыз ету өзекті мәселеге айналды», — деп хабарлады Су ресурстары комитеті.

Салыстырсақ, 2018 жылы елорда тұрғындарының су шығыны тәулігіне 269 мың текше метр болса, 2022 жылы тәулігіне 311 мың текше метрге жетті. Болжам бойынша 2026 жылға қарай су тұтыну тәулігіне 340 мыңнан асады.

Комитет Астананы сумен жабдықтау жалғыз көзден — 1969 жылы салынған және әрі кетсе 500 мың адамға есептелген Астана су қоймасынан жүзеге асырылатынына назар аударды. Елорда халқы енді 1,3 млн адамға жетті. Ендеше «таяу жылдары Астана үшін ауызсудың резервтік көзін құру жөнінде шаралар қабылдау қажет болады».

Ведомствоның мәліметінше, 2025 жылы бас қаланы сумен қамту бойынша

қолайлы жобаны таңдау үшін зерттеулер жүргізіледі. «Қазушар» кәсіпорнына 2025 жылғы желтоқсанға дейін «Астана су қоймасын» реконструкциялау жүктелмек. 2027–2029 жылдары осы су қоймасының тостағанын шамамен 47 млн текше метр көлемінде түптік шөгінділерден тазарту жұмыстарын іске асыру қажет.

Астана қаласының әкімі Жәніс Қасымбектің айтуынша, соңғы уақытта қалада шынымен де су тапшылығы мәселесі күн тәртібіне шықты. Тәулігіне 25 мың текше метр су жетіспеді. Мұның сыртында көктем мен жазда бакша суару басталады. Жазғы апта ыстық та тұрғындарды суға жиі түсіп, көп су шығындауға мәжбүр етеді.

Су тапшылығын жою үшін осыдан 2 жыл бұрын әкімдік 2 жаңа нысанның құрылысын бастады. Бірінші нысан — сорғы стансасы. 2023 жылғы 29 маусымда, яғни өткен аптада әкімдік жаңа ауызсу стансасының (ССС-3) бірінші кезеңі іске қосылғанын жария етті. Ол қалаға тәулігіне 35 мың текше метр су беруге жол ашады. Стансаның құрылыс-монтаждау жұмысы аяқталып, гидро сынақтар жүргізілді. Іске қосу-баптау жұмыстары іске асырылып, су дайындау жүйесіне тестілеу жүргізілген.

Екінші нысан — «Астана су қоймасынан» қалаға тартылатын жаңа су құбыры. Таяуда оның құрылысы аяқталып, іске қосылды. Бұл судың қысымын арттыруға және жүйенің тұрақтылығын қамтамасыз етуге мүмкіндік берді.

Осының арқасында әкімдік ағымдағы су тапшылығы мәселесі толығымен шешілгенін мәлімдеді. Ал тамыз айында СССР-3 стансасының екінші кезеңінің құрылысын бастау жоспарланып отыр. Сонда бірінші кезеңді қоса алғанда, бұл қалаға тәулігіне 100 мың текше метрден астам су беруге жеткілікті болады.

Ж.Қасымбектің сендіруінше, бұл алдағы 3–4 жылға жеткілікті. Ар жағында жаңа резервтік су қоймасын салу мәселесі шешілгені жөн. Әкімдік дерегінше, Нұра өзенінен су құбырын тартуды жобалау және Тельман елді мекеніндегі сорғы-сүзгі қуатын кеңейту аяқталуда. Бұл жобалар келешекте Астананы ауызсумен қамтамасыз ету бойынша қосымша қуат береді.

## ҮКІМЕТ НЕ ДЕЙДІ?

Ел Үкіметі болашақта Астананы тұрақты сумен қамту үшін 3 жоба қарастырып жатыр. Біріншісі, «Астана су қоймасын толықтыру үшін құрылыстар салу» деп аталады. Оның жобалау-металдық құжаттамасы әзірленуде. Жоба Қ.Сәтбаев атындағы арнадан Есіл өзенінің арнасына су құбырын сала отырып, арнаға су беруді қарастырады. Құрылыстың болжамды мерзімі 2023–2025 жылдар аралығы. Сонда су тапшы жылдары Қаныш Сәтбаев каналынан Астана су қоймасына шамамен 62,3 млн текше метр қосымша су беріледі.

Екінші жоба аясында Астананы сумен жабдықтаудың резервтік көзі ретінде Нұрадан 67 шақырымдық су құбырын салу жоспарланған. Ол бойынша техникалық-экономикалық негіздемені түзету қажет. Сараптаманың оң қорытындысы болса, Экология министрлігі жобаны одан ары іске асырады.

Үшінші жоба Қ.Сәтбаев арнасынан Астана қаласының 4-ші сорғы-сүзгі стансасына дейін су құбырын салуды қарастырады. Бұл жоба елорданың ұзақ-мерзімді даму перспективасы мен халық санының ұлғаюын ескереді.

Қазір «Астана су қоймасы» жобалық 410 миллион текше метрдің орнына 334 миллион текше метрге толды.

Қорыта айтқанда, мемлекет өз астанасын ауызсумен қамтамасыз қалдырмайды.

## МЕРЕЙТОЙҒА МӘДЕНИ ШАШУ



**Құрылғанына бар-жоғы 2 жыл болса да, Түркістан музыкалық драма театры көрермен жүрегіне жол таба білді. Астана күніне орай қасиетті мекеннен жеткен өнер ұжымы мерейтойға мәдени тарту ұсынды.**

Арқа төсінде апта бойы Түркістан музыкалық драма театрының үздік қойылымдары қойылды. Атап айтсақ, гастрольдік репертуарға Р. Мұқанованың «Фариза», Т. Ахметжанның «Махаббат мұнарасы», А. Нүсіптің «Мағжан», Е. Аманшаевтың «Қорқыт» қойылымдары енген. Қазір Түркістан музыкалық драма театрының репертуарында 9 спектакль бар.

Сапалы дайындалған спектакльдер бірнеше байқаудың бас жүлдесін де иеленді. Дулат Исабековтің «Бөрте» спектаклі — мәдениет және өнер саласындағы «Ұмай» тұңғыш ұлттық сыйлығын, II халықаралық «Исабеков әлемі» атты театр фестивалінің бас жүлдесін және «Театр сыншыларының бірлестігі» ұйымдастырған «Сыншылар жүлдесін» жеңіп алды. Ticketon.kz сервисінің 10 жылдығына арналған «Тикетон премия-2022» байқауында «Жылдың үздік премьерасы» жеңіп алды және театр актрисасы Айя Шәріп «Бөрте» рөлі үшін «Жыл актрисасы» атанды. Талаптан Ахметжанның «Махаббат мұнарасы» қойылымы 2023 жылы Ticketon.kz сервисі ұйымдастырған байқауда «Жылдың үздік аймақтық спектаклі» номинациясы бойынша топ жарды.

— Астананың 25 жылдық мерейтойы қарсаңында Түркістан

облысының мәдени шашуы ретінде гастрольдік сапармен келдік. Астанаға былтыр да келіп, «Қорқыт» пен «Бөрте» қойғанбыз. Бұл жолы гастрольдік сапарымыздың шымалдығын Роза Мұқанованың «Фариза» спектаклімен аштық. Екінші қойған спектакліміз Т. Ахметжанның «Махаббат мұнарасы», одан кейін А. Нүсіптің «Мағжан», соңғы күні Е. Аманшаевтың «Қорқыт» қойылымдарын ұсындық. Астаналық көрермендер театрымызды келмей жатып-ақ қарсы алды. Әлеуметтік желілерде қай күні келетінімізді сұрағандар көп. Күшак жайып қарсы алған, ыстық ықыласына бөлеген көрермендерге алғысымыз шексіз. Біз үшін көрерменнің көңілінен шыққаннан артық дәреже жоқ, — дейді Түркістан музыкалық драма театрының көркемдік жетекшісі Айнұр Көпбасарова.

Өмірін өленге балаған Фариза акынның өзгеше бейнесі де, «Махаббат мұнарасындағы» қоспақтың тұтанған сезім оты да, Мағжанның ақындығынан бөлек, адамдық қыры да, Қорқыттың мұң-зары да бәрі-бәрі театрдың осы жолғы сапарында баяндалды. Астана халқы мен қонақтарына әкелген төрт күндік тарту жанрлық та, мазмұндық та тұрғыда көрушісінен елең еткізбей қоймады.

— Спектакльдердің әрқайсысына ерекше көңіл бөлеміз. Кенесші мамандардың көмегіне жүгінеміз. «Мағжан» спектаклін қоятын кезде белгілі тарихшы Мәмбет Койгелдідин көп кеңес алдық. «Бөрте» бір ғасыр өтіп кеткен оқиға болса, «Мағжан» күні кеше Кеңес заманында болған тұлға. Мағжанның көзін көр-

гендер мен әңгімесін тыңдағандар әлі де бар. Сондықтан біз спектакль қоятын кезде тарихты тереңінен білетін кеңесшілердің қызметіне жүгінеміз. Көрерменге спектакльді жарнамалау, түсіндіру үшін арнайы тизер дайындаймыз. Өйткені театрға келіп жүрген көрермен мен бірінші рет келген көрермендер де бар. Сондықтан тизерді көрерменге түсінікті болу үшін түсіреміз. Сондай-ақ саундтрек жазамыз. Осы жолғы спектакльдер мен бұған дейінгі қойылымдардың музыкасын, либреттосын жазған — театрымыздың талантты композиторы Хамит Шанғалиев. Кешегі «Мағжандағы» композицияны жүрекке жеткізетіндей етіп жазған да Хамит. Әрине, жас ерекшеліктеріне байланысты сырттан актерлер шақырып тұрамыз. Себебі біз жас театр болғандықтан, актерлеріміздің жасы 25-ке дейін ғана. Спектакль нанымды болып шығуы үшін жас ерекшеліктеріне қарай, сырттан актерлер шақырамыз. «Мағжан» спектаклін жазған драматург те, қоюшы режиссер де, сценография жазған маман да жас. Спектакльдің мазмұнын ашуға жастарды тарттық. Олар шетелдік болса да, Мағжан туралы көп ізденген. Мағжанды тек лирикалық ақын, қоғам қайраткерінде ғана емес сценографияда эстет адам образында көрсетті, — дейді Айнұр Көпбасарова.

Оның айтуынша, Түркістан музыкалық театрының әртістері Ресейде және Қазақстандағы өнер академияларында оқыған. Театрдың ең кіші актері 18-де, ал ең үлкені — 25 жаста. Бұған дейін театр гастрольдік сапармен Алматыға, Астанаға және Мәскеуге барған.

— Жаңа маусымға екі қойылым дайындап жатырмыз. Келіссөздер де жүргізуеміз. Біз Саид Ахмадтың «Келіндер көтерілісі» пьесасын қоюды ойлап отырмыз. Ол бұрын М. Әуезов театрында сахналанған. Дегенмен біз өз нұсқамызды ұсынып көркемдік. Сондай-ақ «Қаламқас» деген драма және пластикалық синтезі ретінде жасалып жатқан спектакліміз бар. Авторы — Онайғұл Тұржан. Спектакльге қоюшы режиссерді шақырып жатырмыз, — дейді Түркістан музыкалық драма театрының көркемдік жетекшісі Айнұр Көпбасарова.

Осылайша, аптаға созылған театр кеші талғампаз көрерменнің қай-қайсысын да бейжай қалдырған жоқ.

К.ЕСІМ

## САИДА МЕКТЕПКЕ БАРАДЫ



**Статистикалық деректерге сүйенсек, қазір елордада 1 миллион 350 мың адам тұрады. Дамыған елдердің астанасына кез салсақ, халықтың орталығына шоғырлануы қалыпты жайт. Айталық, Токиода 38 миллион, Делиде 28 миллион адам бар. Біз елорда күніне орай Астананың миллионыншы тұрғыны 7 жастағы Саида Мұхамедияр туралы айтпақпыз.**

Осыдан 20 жыл бұрын Саиданың ата-анасы бірі Қостанайдан, бірі Павлодардан Астанаға арман қуып келеді. Екеуі университет қабырғасында танысып, үлкен өмірге осы қалада алғашқы болып қадам басады. Бірақ жас отбасы өздерін алдыда не күтіп тұрғанын бұл кезде білмейтін. Тағдырдың сыйымен, тұңғыш перзенттеріне Астананың миллионыншы тұрғын атану бақыты бұйырады. 2016 жылы №1 перинаталдық орталықта сағат 01.00-де дүние есігін ашқан қыз отбасына ғана емес, еліне де қуаныш сыйлады.

— Жолдасым екеуіміз студент шақта таныстық. 4 жыл кездескеннен кейін отбасын құрдық. Биыл үйленгенімізге 8 жыл болды. Саидадан кейін тағы 2 қызымыз дүниеге келді. Астанада 20 жылдан бері тұрамыз, — дейді Арайлым Мұхамедияр.

Саиданың есімін ата-әжесі қойыпты. Себебі ол — әулеттің асыға күткен тұңғыш немересі. Саида есімі араб тілінен аударғанда «бақытты», «жолы болғыш» деген мағынаны білдіреді. Астананың демографиялық көрсеткішіне елеулі өзгеріс әкелгені үшін қала әкімдігі отбасына екі бөлмелі пәтердің кілтін табыстаған. Осылайша, Олжас пен Арайлымның қуанышы екі еселенді.

— Әкімдік қызметкерлері Саида дүниеге келгенде перзентханаға құттықтап келді. Саидаға сыйланған ең үлкен сыйлық — қаламыздың оң жағалауынан берілген екі бөлмелі пәтер. Біз мұндай сый береді деп күтпедік. Өзінің де білесіз, елордаға келген әрбір жас осы қалада тұрақтап қалуды, баспаналы болуды армандайды. Саида біз үшін несібесі тасып тұған бала болды, — дейді Арайлым Мұхамедияр.

Биыл Саида мектеп табалдырығын аттайды. Ол бой жеткен сайын қала тұрғындарының саны да өсіп келеді. Анасы Арайлымның айтуынша, қазақтың дарқан пейілі бұл балаға да дарымай қалмаған. Ол

ешкімді жатырмайды, кез келген жерде айнала-сындағылармен ойнап, тәтті қылықтарымен үйіріп алады. Өзінің мінезі де жоқ емес. Қалаған дүниесіне ұмтылса, соңына дейін қол жеткізбей қоймайды.

— Саида біге қатысады. Арманы — мың бұралған биші атану. Кішкентайынан өкшесін көтеріп, аяғының ұшымен жүріп, балериналар секілді билейтін. Өскен сайын шығармашылыққа жақын екенін байқап жүрміз, — дейді анасы.

Үйдің үлкені болу — үлкен жауапкершілік. Себебі өзінен кейінгі бауырларына үлгі болуын, ата-анана демеу болуын қажет. Саида 7 жаста болса да өзіне артылған сенім жүгін қазірден түсінді. Анасының айтуынша, Саида артынан ерген сінділеріне қамқор. Әрқашан оларды ойнатып, қасында жүреді.

— Саиданың Әмина, Рамина есімді екі сіндісі бар. Ол спорттан да кенде емес. Қазірдің өзінде «Жастар» клубының атынан таэквондодан өтіп жүрген қалалық сайыстардың жүлдегері атанып, бізді қуанып жүр, — дейді Арайлым Мұхамедияр.

Миллионыншы тұрғын Саида кішкентайынан халықтың көз алдында өсті. Ол жайлы бұқаралық ақпарат құралдары да талай рет жазды. Сондықтан ба, Саиданың мінезі ашық.

— Бұрын Саида журналистер келіп фотоға түсірген кезде түсінбейтін. Қазір есейген сайын өзін ерекше қабілетті бала деп санайды. Ешкімнен қысылмайды. Біз бала тәрбиесінде адамгершілік пен бауырмалдықты бірінші орынға қоямыз. Қыздарымызды ешкімнің ала жібін аттама деп тәрбиелеудеміз, — дейді анасы.

Арайлым қазір үш баланың тәрбиесімен өзі айналысып жүр. Қыздарының елге сыйлы, халыққа құрметті азамат болғанын қалайды. Сол үшін де Саиданы қазақ сыныбына беруді жоспарлаған.

— Қазір Саида қазақша, орысша еркін сөйлейді. Ағылшын тілін де меңгеріп жүр. Біз оның қалауын әрқашан бірінші орынға қоямыз. Мектеп тандайтын кезде ойланбастан қазақ сыныбын тандадық. Себебі Саиданың ұлт болашағын ойлайтын азамат болғанын қалаймыз, — дейді Арайлым Мұхамедияр.

Иә, жыл өткен сайын Астана да құлпырып, дами түседі. Саида да елордамен бірге өсіп келеді. Миллионыншы тұрғынның миллиондарды өзіне қаратар, асқақ арман иесі боларына біз де сенеміз.

К.ҚАРҚЫН

# КІРШІКСІЗ КҮНДЕРДІҢ КУӘГЕРІ

Елордадағы ең көрі ағашты білесіз бе? Есіл жағалауындағы Кеңесары ескерткішіне қарама-қарсы тұста 132 жастағы көктерек бар. Көнде төрт адамның біріккен құлашына сыятын қарт терек бүгінге дейін мыңдаған адамның тәтті естеліктерінде куә болған деседі. Сол мөлдір хикаялар көрі көктеректің Instagram желісіндегі фотоальбомында сақтаулы тұр.

Ботагөз МАРАТҚЫЗЫ

## КӨКТЕРЕККЕ АРНАП АЛЬБОМ АШҚАН

Көрі терекке арнап, астаналықтардың естеліктері жинақталған электронды фотоальбомды ашқан азамат — Теміртас Ысқаков. Оны жұртшылық елорданың жоғалып бара жатқан тарихи-мәдени мұрасын жаңғыртумен, насихаттаумен айналысатын Fading.TSE жобасының авторы ретінде таниды.

«2019 жылы Fading.TSE жобасымен айналысып жүргенімде, қаладағы ең көрі терек туралы көп мәлімет кездестірдім, әлеуметтік желіде адамдардың осы ағаш жайында жазған естеліктерін жиі оқитымын. Бір күні ерінбей, әлгі ағашты өз көзіммен көрмекші болып, әдейілеп барып едім, бірақ ол мүмкін болмады: жан-жағындағы шарбақ пен субұрқак ағашқа қарай өтуге кедергі келтіріп тұр еді. Қаладағы ең көнекөз жәдігердің осындай елеусіз күйде қалғанына қатты қынжылдым. Дереву Fading.TSE жобасының әлеуметтік желідегі парақшасында үндеу жариялап, петицияға қол жинадық, ақыры біздің үніміз шенеуіңізге жетті. Нәтижесінде шарбақтың бір бөлігі алынып, ағаштың зақымдалған тұстары қайта қалпына келтірілді. Сөйтіп, бірігіп, жұмылып жүріп, бір жәдігерді аман алып қалғанымыз бар», — дейді Теміртас.

Сәл кейінірек, сол жылдың шілдесінде қала әкімдігіне қарасты мердігер ұйым қоршаған ортаны қорғау басқармасының рұқсатынсыз шаһардағы Ресей ғылым мен мәдениет орталығы маңындағы көрі шегірінді кесіп тастайды. Теміртастың айтуынша, бұл ағаш кезінде атакты көпестер Кубриндер әулетінің сарайы мен



дүкені арасында болған бактың соңғы ағашы болған болуы мүмкін. Осындай жағдай қайталанбас үшін Fading.TSE жобасы көрі теректің фотосуреттері мен ел аузындағы естеліктерді жинақтап, цифрлық альбом жасайды. Осылайша, ең көрі ағашты мәдени мән-мағынасы бар нысан ретінде қорғап, сақтаудың қадамдарын ойластырады.

«Біз әлеуметтік желілерде көктеректің суреттерін жинап жатқанымыз жайлы хабарландыру таратып, бұған дейін жарияланған суреттердің авторларымен байланыса бастадық. Олардың әрбірінің осы ағашқа қатысты естеліктерін, хикаяларын сұрап, суреттерінің нақты түсірілген уақытын білуге тырыстық. Қазір бізде авторы белгілі бас-аяғы 35 шақты фотосурет бар, олардың ең ескісі 1958 жылы түсірілген екен», — дейді кейіпкеріміз.

## АҒАШ ТА — ТАРИХИ МҰРА

Деректерге сүйенсек, бізайтып отырған көктерек XIX ғасырдың аяғында акмолалық кәсіпкерлер мен зиялы қауым өкілдерінің мұрындық болуымен Есіл бағын отырғызу кезінде егілген екен. Архивтерде бұл ағашты отырғызған жандар ретінде көпес Халиолла Нығматуллин,

дәріханашы Петр Путилов және дәрігер Чигловскийдің есімі аталады.

1946 жылы теміржолшылар паркінде (қазіргі Астаналық паркте) балаларға арналған теміржол іске қосылыпты, ол 2002 жылға дейін жұмыс істеген. Теміржолдың «Победа» стансасы мен кассасы осы терекке жақын маңда болған екен. Сол тұстағы жағажай мен жергілікті халық «Солдатский» атап кеткен қайық стансасы тұрғындардың ең жақсы көретін мекені-тұғын.

«Көрі ағашқа қатысты ел аузында небір қызықты аңыздар мен хикаялар көп. Әсіресе алдыңғы толқын өкілдерінің әлеуметтік желіде бөлісетін жазбалары адамдардың біраз қызығушылығын туғызды. Сол себепті біз фотосуреттерді, пікірлерді, естеліктерді біріктіріп, бір жерге жинақтайық деп шештік. Біздің жобаның мақсаты — мәдени мұраның нысаны болып ғимарат немесе ескерткішті ғана емес, ағашты да айтуға болатынын түсіндіру. Бүгінде әлемде «құндылықтар критерийі» деген түсінік қайта қаралып жатыр. Мәселен, Англияда Historic England атты арнайы портал бар, онда ескерткіштер тізіміне енген нысандардан бөлек, ескерткіш болып танылуы мүмкін әртүрлі нысан түрлеріне арналған нұсқаулық

берілген. Олардың «Біз өзіміздің кім екенімізді анықтайтын орындарды қорғаймыз, насихаттаймыз және сақтаймыз» деген ұраны маған қатты ұнайды. Ал біз кіміз? Қаладағы қандай орындар біздің кім екенімізді анықтайды? Осы мәселеге көбірек көңіл аударуымыз керек деп ойлаймын», — дейді Т.Ысқаков.

## ӘРБІР ЕСТЕЛІК ӘДЕМІ

Астаналықтардың көрі ағашқа қатысты естеліктерінің әрбірі өзінше қызық болғанымен, бәрін де ортақ нәрсе біріктіреді: бірі — отбасы, бірі — алғашқы махаббат, бірі — балалық шак, енді бірі студенттік жылдардағы естеліктерін осы терекпен байланыстырған екен.

«1973 жылы жас кезімізде студенттер бұл ағаштың мәңгілік қуат таратынын айтып, іштей тілек тілеген едік. Ол кездері, әрине, бәріміз де тек махаббат туралы ойладық. Енді, міне, күйеуіміз екеуіміз мәңгі бірге өмір сүріп келе жатқандаймыз. Бірге болғанымызға 42 жыл болыпты: 4 баламыз, 8 немереміз, 1 шөбереміз бар. Бәрі де Астананың тұрғындары. Біз күйеуіміз екеуіміз — абorigендерміз, акмолалықтармыз», — деген естелігін бөліседі Клавдия Селезнева.



Ал теректің 1961 жылы түсірілген фотосуретінің астындағы хикаяда Наталия Мировольская:

«Бұл сурет Есіл жағалауында, «Солдатский» жағажайының маңында түсірілген, балалар теміржолының рельсі көрініп тұр. Суретті өкем түсірген, ал мен бесікарбада жатырмын. Бұл бесікарбаның аяғы темір шана болатын, мен оны әлі күнге дейін білемін», — деп жазады.

1998 жылғы фотосурет авторы Татьяна Лупп:

«Менің ең бақытты күнім. Фотода мен 17 жастамын. Ал суретті жігітім түсірген еді. Бұл күн менің есімде ерекше сақталып қалды, өйткені Витяны екі жыл бойы әскерден күткен едім. Міне, 1998 жылдың 7 маусымында ол әскери борышын өтеп, үйге қайтты. Ал күзде үйлендік. Шаңырақ құрғанымызға 21 жыл. Біз осы күнгі кездесуді ұзақ күттік, әлі күнге дейін сол кезді жымияп еске аламыз», — деп жазыпты.

Енді бір суреттің астына Вальдемар Кеер есімді азамат:

«1979 жылдың жазында әріптесім Юрий Лапшин екеуіміз паркке демалуға бардық. Юра — фотоаппаратын бір сәтке мойнынан тастамайтын әуесқой фотографа. Паркке біз үш студент қызбен таныстық. Бәріміз бірге қылырдық, ал Юра бізді суретке түсірді. Осы терекке жақындағанда қыздардың бірі: «Қане, мінейікші» деген еді. Сөйтіп мына қыз екеуіміз ағашқа шығып, суретке түсіппіз. Біз ол қыздармен одан кейін кездеспедік. Одан бері 40 жыл өтіпті, аттары, өкінішке қарай, есімде жоқ», — деген жазба қалдырған.

## P.S.

Қаншама жып-жылы естеліктің куәгері болған 132 жастағы көктерек Астананың ресми түрде танылған тарихи-мәдени ескерткіштері қатарында әлі жоқ. Fading.TSE жобасының мүшелері был да осы мәселені қала билігінің құлағына жеткізуге ниетті.

Астана — еліміздің астанасы. Сол себептен болар, көпшілік бас қаланы мемлекеттік маңызды мәселелерді талқылап, саяси шешімдерді қабылдайтын орталық ретінде қабылдайтыны бар. Алайда қазір қаладағы мәдени орталықтың саны артып, шығармашылық иелеріне шабыт сыйлаған мекенге айналды десек, артық айтпаған болар едік. Өйткені осы күні өнердің ордасына баланған бас қалада түрлі театр мен мәдени орталықтар бой көтерді.

Жадыра МҮСІЛІМ

Әлемдегі тенденция дейміз бе, кез келген мемлекеттің астанасы мәдениеттің ордасы ретінде де қалыптасады. Тарихшылардың пайымына сенсек те, ежелгі астаналардың тарихы тым тереңде жатуымен ғана емес, мәдениеттің дамуымен ерекшеленеді. Арғы тарихты қопармай-ақ Ыстамбұл мен Мәскеу, Вашингтон мен Париж, Рим мен Афина, Бейжіңдегі өркениеті мен мәдениеті қатар дамыған қалалардың мысалын алып қарасақ та жетіп жатыр. Ажары жылдан-жылға көз тартқызып елордамыз да қазір мәдениет пен руханияттың көшінін қалмай, ақылды қалаға да айналып үлгерді.

Аз ғана уақыттың өзінде көркі көз тартар заманауи ғимараттар бой көтерді. «Бәйтерек», «Мәңгілік Ел» мен «Қазақ Елі» монументтері, «Хан Шатыр» ОСК, «Бейбітшілік және келісім», «Туелсіздік» сарайлары айтпағанда, ЭКСПО қалашығы астанамыздың символына баланады. Соңғы жылдары ашылған Әзірет Сұлтан мешіті мен Орталық Азиядағы ең ірі және әлемдегі ең үлкен мешіттердің ондығына енген бас мешіттің де бой көтеруі шаһардың рухани орталық болып қалыптасқанының айғағы. Сондай-ақ Ұлттық мұражай, Ұлттық академиялық кітапхана мен Ұлттық мұрағат орталығы да ел руханиятының дамуына өлшеусіз үлес қосып келеді.

Қаладағы мәдениет пен өнердің айнасына айналған өнер шаңырақтарының қатары да жыл сайын толығуда. Мәселен, Қазақ Ұлттық Өнер университеті мен Қазақ Ұлттық Хореография академиясы, Астана опера және балет, Астана балет театрлары, Еркеғали Рахмадиев атындағы Мемлекеттік академиялық филармония, «Жастар» сарайы, Астаналық цирк, Бірлескен мұражайлар дирекциясы, М.Горький атындағы Мемлекеттік академиялық орыс драма және «Наз» мемлекеттік би, «Қуыршақ», «Жастар», Әзірбайжан Мәмбетов атындағы Мемлекеттік драма және комедия, Музыкалық жас көрермен, сондай-ақ Калибек Қуанышбаев атындағы академиялық мюздрама театрларының залы көрерменнен

# ШАБЫТ СЫЙЛАҒАН МЕКЕН



үзілмейтін болды. Орталықтандырылған кітапханалар жүйесінің де келушілері жыл санап артып жатқаны қуаныш сыйлайды.

1998 жылы жана құрылған елордада 32 мәдени нысан болған. Содан бері 25 жыл ішінде қаладағы мәдени нысан саны бірнеше есе өсті. Осылайша, астанаға ажар берген мәдени орталық қала халқының мәдениеті мен руханиятының дамуына да серпін беріп келеді. Бүгінгі Астананың қазір республикалық және халықаралық конкурстардың жүлдесін алып, көпшіліктің көзайымына айналып үлгерді.

1997 жылы қалада мемлекеттік филармония құрылды. Оның негізінде алғашқы көрсеті ұжым — Қазақ халық аспаптар оркестрі ашылды. 1998 жылғы 10 маусымда Қазақстанның жана астанасының тұсау-кесері өтіп, тура бір айдан кейін «Астана» бірінші халықаралық авторлық әндер фестивалі, қазан айында «Шабыт» бірінші халықаралық шығармашылық жастар фестивалі дүркіреп өткен еді. Міне, бұл айтулы мәдени іс-шаралар әлі күнге дейін көптеген таланттардың басын қосып,

шығармашылық жолда қанатын қомдап келеді.

2000 жылы елордада К.Байсейітова атындағы Ұлттық опера және балет театрының есігі ашылды. Оның жанынан симфониялық оркестр, хор, балет труппасы құрылғаны бар. Сонымен бірге қала орталығында орын тепкен ҚК Ұлттық әскери-патриоттық орталығы орналасқан Президенттік мәдениет орталығының ашылуы да жылдың жарқын оқиғасы болды. Сондай-ақ тарихи-мәдени мұраны қорғау жөніндегі мемлекеттік инспекция құрылғаны қала жұртшылығы жақсы біледі.

2001 жылдың 8 қыркүйегінде «Атамекен» Қазақстан Қартасы кешенінің ашылуы болды. Бұл жерде еліміздің барлық қалалары мен өңірлерінің басты көрікті жерлерін көруге болады. 2001 жылы Астана алғаш рет X Республикалық «Жас канат» эстрадалық әндер фестивалінің иесі атанса, тура бір жылдан кейін елордада ең бірегей және айтулы нысандардың бірі — «Бәйтерек» монументі бой көтерді. Ал 2003 жылы Интернациональнй, Мичурино, Пригородный сияқты тұрғын алаптарында кітапханалар бірінен соң бірі ашыла бастады. Тіпті қала орталығы ғана емес, елорданың шеткі аймақтарында да мәдениетке шөліккеген тұрғындардың өтінішіне дер кезінде құлақ түрді. Сол жылдары «Көктал» шағын ауданында Мәдениет үйі қалпына келтірілген еді. Қазір бұл жерде «Наз» мемлекеттік би театры жұмыс істеп тұр.

2004 жылы Тұңғыш Президент атындағы Музей мен Ұлттық академиялық кітапхана есіктерін айқара ашты. Артынша «Астананың гүлденуі — Қазақстанның гүлденуі» мемлекеттік бағдарламасы аясында 2000 орындық астаналық цирктің

құрылысы бітті. 2006 жылы елордада Бейбітшілік және келісім сарайы, ал 2007 жыл тұрғындардың есінде жана шығармашылық ұжымдардың құрылуымен есте қалды. Оның ішінде «Наз» мемлекеттік халық би және Жас көрермендер театрлары, «Шалқыма» халық би ансамблі бар.

Елорданың он жылдығында «Қазақ елі» монументі мен Тәуелсіздік сарайы қаланың туған күніне арналған тамаша тарту болды. Осы жылы қазақтың көрнекті тұлғалары — Әлия Молдағұлова, Жамбыл Жабаев, Бауыржан Момышұлына ескерткіш орнатылды. 2009 жылдың соңында 3 500 көрерменге арналған бірегей және ең ірі «Қазақстан» орталық концерт залы ашылды.

Соңғы үлгіде заманауи стилде салынған Astana Ballet театрының бой көтеруі бас қаланың бедерін ашып, көркіне көрік қосты. Өнер ордасы 2012 жылы ашылғанымен, театрдың алғашқы концерті 2013 жылдың шілде айында көрсетілді. Бұл театрды көрермен қауым жылы қабылдағаны бірден көрінді. Осы күні театрдың жанкүйерлері Қазақстанда ғана емес, әлем елдерінен келетін туристер де бір кіріп шықпай кетпейтін орталыққа айналған. Театрдың түрлі жанрдағы репертуары әлемдік және отандық шедеврлермен, бірегей хореографиялық қойылымдармен үнемі толысып отырады. Ұжым өнер көрсететін негізгі алаң — «Астана балет театры» 2016 жылдың желтоқсан айында ашылды. Жалпы көлемі 15.467 м<sup>2</sup> -ді алып жатқан шығармашылық орталықтың көрермен залында 783 орын бар. Театр кеністігін қолданудың заманауи стандарттарына сай сахна көлемі — 536 м<sup>2</sup>. Авансцена, аррьерсцена мен қуыстарды қоса есептегенде, жалпы сахна көлемі 1000 м<sup>2</sup> артық болса, оркестр орны 50-60 музыкалық ыңғайластырылып салынған. Ал сахнаны трансформациялау үшін жылжымалы және көтеріп-түсіру механикасының соңғы үлгілері қолданылады.

2013 жылы «Астана Опера» мемлекеттік опера және балет театры ашылды. Орталық Азиядағы ең ірі театр «Астана Опера» әлемдік сәулеттің ең үздік классикалық дәстүрлерін ескере отырып салынғанын атап өту керек. Өнер ордасының архитектурасында қазақтың ұлттық нақышы ерекше ескерілсе, техникалық жабықталуы халықаралық стандарттарға сәйкес келеді. Қазір театр сән-салтанаты асқақ ғимаратымен және залдардың көркемділігімен ғана емес, сондай-ақ талантты труппа орындайтын тамаша репертуармен көрермендерін таң қалдырып келеді. 2013 жылғы 21 маусымда өзінін алғашқы театр маусымын М.Төлебаевтың ұлы туындысы «Біріжан-Сара» операсымен салтанатты түрде

ашқан театрдың қойылымдарында музыкалық-поэтикалық дәстүрдің жарқын көрінісі тереңінен көрсетіліп, шығармаға қайталанбас көрініс беруден жалыққан емес.

Шыңдығында да бүгінде «Астана Опера» опера және балет театры — еліміздің ғана емес, әлемнің аса сәулетті театрларының бірі. Өнер ордасының сәулеттік әсемдігі еріксіз назар аудартады. Себебі ғимарат құрылысының өзі бірнеше мыңдаған жылдарға кейін шегініп, антика дәуіріне шомуға мүмкіндік береді. Сәулеттік мінсіздігі бойынша ол Миландағы «Ла Скала», Мадридтегі Корольдік театр, Мәскеудегі Үлкен театр, Нью-Йорктегі Метрополитен-опера сияқты атакты опера театрларының қатарынан орын алды.

Сонымен біре 2015 жылдың мамыр айында елордада Кеңес Одағының батыры, әскери жетекші Иван Пандфилов ескерткіші салтанатты түрде ашылды. Ал 2016 жылдың қыркүйегінде Қазақстанның жүрегіне барлық параметрлер бойынша бірегей оқу орны — Қазақ ұлттық хореография академиясы қолданысқа берілді. Бір айлан кейін Халық Каһарманы Рақымжан Қошқарбаевқа ескерткіш орнатылды.

2017 жылы Есіл өзенінің жағасында амфитеатрдың, сондай-ақ «Астана-ЭКСПО» кешенінің салтанатты ашылуы өткені жалпақ жұрттың есінде қалды. Себебі, әлем көз тіккен айтулы шараны әлемдік БАҚ беттері тамсана жазған болатын. Артынша бір жылдан кейін елордадағы осы кешенің аумағында Комедия театры ашылды, ол бүгінде көрнекті қазақстандық режиссер Әзербайжан Мәмбетовтің есімімен аталады.

2020 жыл қаланың мәдени өмірінде Музыкалық жас көрермен театрының ашылуымен және К.Қуанышбаев атындағы Мемлекеттік академиялық қазақ музыкалық драма театрының жана ғимаратының салынуымен де есте қалды. Қазір бұл өнер шаңырақтарындағы киімдігіш бос болмайтын жағдайға жетті. Бұл да болса бас қаладағы шығармашылық ортаның толыса түскенін айғақтай түседі. Осы жылдың мамырында Астана қаласында Кеңес Одағының екі мәрте батыры Талғат Бигелдиновтің ескерткіші ашылды.

Қысқа уақыттың ішінде елордада халықты патриоттық рухта тәрбиелейтін еңселі ескерткіштер де, мәдениет пен руханият дөнін сеуіп тарихымызды білуге үлес қосып жатқан өнер орталықтар да баршылық. Ең маңыздысы да сол, осы орталыққа келетін көрермендердің көптігінде. Осы арқылы астанамыздың шығармашылық ортаға шабыт сыйлап, жұртшылықтың жүрегіне жол таба білген мекенге айналғанын аңғаруға болатындай.

Астана күні мерекесі қарсаңында Амарфоншы Ербол Асқарұлы Қытайдың Шыңжаң өлкесінен елорда төріне жаяу келіп жетті. Қандасымыз мамыр айының басында Шоқан деген шағын ауылынан атажұртына аттанған болатын. Ол екі ай уақытта үш мыңға жуық шақырымды тоқтаусыз жүріп өтіп, ерлікке пара-пар сапарды басынан өткерді. Қазіргі заманда бұл қашықтықты ұшақпен 4-5 сағатта, пойызбен 2-3 күнде еңсересің. Ал жаяулап келудің бейнеті қандай екенін біз айтпай-ақ бағамдай бөріңіз. Алған бетінен қайтпайтын азамат бабалар мекенін асықпай аралап, әр сайы, әр тауы, әр ауылын көзбен көруді, даласындағы жусанның иісі мен тұмса ауасын жұтуды мақсат тұтқан. Межелеген уақытында Астанаға табан тіреген жиһанкезбен жолығып, сапарының қиын және қызық тұстарын сұрап-білген едік.

— Есбол Асқарұлы, «қазақ еліне барсам, Астанаға жаяу аттансам» деген ой қашан келді? Әңгімеңізді осыдан бастасак...

— 2019 жылы Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Қытайға барған сапарында сол елдің орталық телеарнасында сұхбат берді. Мемлекет басшысының қандастар туралы қазақ тілінде айтқан сөзі мені қатты тебірентті. Шалғайда жүріп атамекендегі он өзгерістер жөнінде көп естіген соң «Қазақстанға барайын» деген ой туды. Алайда көлікті пайдаланбай, қазақтың кең жерін аралап, барлығын көзбен асықпай көріп жаяу жетемін деп өзіме серт бердім. Алайда жоспарланған сапарға коронавирус пандемиясы келергі жасалды. Дайындықты тоқтатпай, бәрібір аттанамын деп күттім. Ақырында арманым ақиқатқа айналып, сәтті түсіп, мамыр айында жолға шықтым. Қазір екі мемлекеттің арасындағы достық қарым-қатынас жоғары деңгейде әрі шекара да ашылды. Алпыс күнге созылған сапарды тәмамдап, елорда шетіне іліктім. Межеге жоспарымнан үш күн бұрын жеттім.

— Осы сапарға қалай дайындалдыңыз? Ақыл үйреткен бапкер, жаттықтырушыңыз болды ма?

— Тұрсын деген марафоншы ағамыз, Әсемтай деген спортшы ағамыздың ақыл-кеңестеріне құлақ түрдім, бірге жаттықтым. Ол ағаларымыз аудандық, облыстық марафондарда жүлделі орындарға иіліп жүретін. Алысқа жүгіріп үйреніп, білетінімді жетілдіріп, қажетті жаттығуларды күні-түні жасап, үздіксіз дайындалдым. Күнде таңертең не кешке 10-15 шақырым жүгірдім. Ауданымызда марафондар өткізіліп тұрады, соларға тұрақты қатысып, өзімді сынап отырдым. Қазақ жеріне жетемін деген сапарға екі жылдай уақытымды сарп еттім. Ұзақ әзірленгенім өз жемісін берді, ешбір қиындықсыз, аялдап, жәрдемдесті. Астанаға жеттім. Жалпы ұзақ жолда аяқ талып, жіліктің майы азайып кете ме деген қауіп болды. Сол тапшылықты жою үшін қажетті дәрумендер алып шықтым.

— Енді сапарыңызға тоқталсақ... Қытайдан шыққаннан бастап қазақ шекарасына табан тірегенге дейін қандай қиындықтар болды?

— Туған жерім, Манас ауданының Шоқан ауылынан сапарға аттандым. Қазақ шекарасына жеткенше жергілікті халық қолдау білдіріп, жәрдемдесті. Жалпы ол жақта халықтың спортқа деген ілтипаты айрықша.

— Қытайда дүниеге келдіңіз. Ол жақтың қаласы, ауылы, алқабы, табиғаты сізге таныс, көзіңіз үйренген. Қазақ шекарасынан өткеннен кейін табиғат, жолдың жағдайы, оның бойындағы елді мекендерден жаяу адамның көзіне түсетін қандай өзгешелік байқалды?

— Қытай жақта қалалар мен елді мекендер жиі салынған, барлық қуыс-қалтарысы толық игерілген. Сондықтан үлкен жолға түспей, шағын ауылдар араласымен жүре беруге болады. Ал Қазақстанға өткенде байқағаным, бергі жақта да керемет екен. Алайда шағын елді мекендердің дамуы кенжелеп қалғаны көзге түседі. Әрі ауылдардың арасы алыс екен. Елсіз, иен жерлер көп, қазақтың территориясы үлкен екені бірден байқа-



# АЛПЫС КҮНДЕ

## АТАЖҰРТҚА

## ЖЕТКЕН



лады. Ең жақсысы, адам аяқ баспаған, табиғаты тұмса мекендер мол. Сондықтан болар, ауасы саф таза. Өзгермеген, адам қолы тимеген табиғаттың қойнауына кіріп кеткендей болады екенсің.

— Күш сарқылып, шыдам шегіне жеткен тұста «шалғайға бекер аттандым-ау» деген өкініш, дүдәмал көңіл-күй болды ма?

— Жолда көптеген қиындық болды. Алайда жүрген жетеді емес пе?! Шөл жерлерде, ауыл жок тұстарда ұялы байланыс ұстамайды, интернет жок болады екен. Көлік кездеспей жалғыз жүрдім. Сусыз қалып қойған кезде көп болды. Жетісу облысының Ақсуіек, Ақши деген ауылдарының тұсында өте ыстық болды. Күннің күші кетті, 45-50 градус ыстық еді. Күндіз жүріс өнбеген соң жатып, түнгі салқында ғана жүрген кездерім болды. Басымнан күн өтіп кетсе, денсаулығым сыр берсе қайтемін деген ойлар болды. Бірақ жол бойындағы кезіккен халықтың қолдауы көп күш берді. Сонымен тоқтамай жүре бердім. Тағы бір қорқыныш, шөлді аудандарда демалған жерімде, шаян, жылан және де басқа улы жәндіктер өте көп кездесті. Улы жәндік шағып ала ма деп қатты сескендім. Осы қиыншылық көңіл-күйіме де жайсыз әсер етті. Алайда барлығынан аман-есен өттім.

Көбіне үлкен жолдың бойымен жүрдім. Содан болар, үлкен аң-құс көп кездірімедім. Даланың қоңыр аны адам тұрағынан, үлкен жолдардан бойын алыс ұстайтын болар. Ыңыранып, ауыр жүгін әсер сүйретіп бара жатқан үлкен көліктер зулаған тас жолдың бойында жалғыз жаяудың келе жатқаны қызық енді. Алайда кей тұстарда жолдан шығып, елсіз жапан даламен тура тартқан кездерім де болды.

— Қазір экология мәселесі жанданды алаңдатып отыр. Соның негізгісі — пластик қокыс. Өзіміз де жолдың шетіне осындай қокыс көп тасталатынын білеміз...



*Көбіне үлкен жолдың бойымен жүрдім. Содан болар, үлкен аң-құс көп кездірімедім. Даланың қоңыр аны адам тұрағынан, үлкен жолдардан бойын алыс ұстайтын болар. Ыңыранып, ауыр жүгін әсер сүйретіп бара жатқан үлкен көліктер зулаған тас жолдың бойында жалғыз жаяудың келе жатқаны қызық енді.*

— Жолдың бойында көліктерден лақтырылған пластик су бөтелкелері ерекше көп. Жолдың екі бетінде басқа да қокыс көп кездеседі. Халық тұрмайтындықтан, мұндай жерлерді қокыстан тазарту әлі жолға қойылмаған шығар деп ұқтым. Осы мәселеден арылу үшін, табиғатымызды ластану үшін тұрғындарға қокысты бей-берекет лақтырмау, табиғатты аялау мәдениетін үгіттеу, түсіндіру керек секілді.

— Астана күні қарсаңында келдіңіз. Осы кездесіңіз па, әлде жоспарыңыз солай болды ма?

— Астананы көруді армандағаным рас. Сапардағы басты мақсатым — екі елдің достығын насихаттап, Астанаға алыстағы қандастардың ақ сәлемін жеткізу еді. Сол үшін де елорданың мерейтойына орай жетуді мақсат еткенім. Бұл сапарым менің жалынды жастық шағымның ұмытылмас бір белесі болып қалады деп ойлаймын. Шалғайдағы жерлеріміздің атажұртқа сағынышы — ерекше. Мені де асықтырып, қамшылап отырған осы сезім болды. Осы талпыныстың арқасында межелі мерзімнен үш күн бұрын жеттім.

— Жолға қандай заттар алдыңыз? Сапарда қандай заттар керек екен?

— Иен далада су көп. Сондықтан көтере аялау мөлшерде су алып жүрген



жөн. Сосын жатар орында жылан немесе басқа да жәндіктер мазаламасын деп өте жеңіл шатыр алдым. Оны арқа қоржынан шығарғанда өзі жайылып, қурыла салады. Қоржын үстінде соны салатын арнайы қалтасы да бар. Одан кейін аяқтың бұлшық етіне, сүйектің майына қажетті дәрумендер алып шықтым. Аздаған жол азығым болды. Жалпы, ауыл кезік-

кен жерлерде тамақтан тарыққан жоқпын. Халық ілтипат білдіріп, бауырсақ, қымызын ұсынды. Сонымен қатар маған жолы ілесіп, белгілі бір қашықтықты бірге жүрген адамдар көп болды. Солардың қолдауы көп көмектесті. Әр ауыл-ауданның маңында сол жердің бірнеше адамы бірге ілесіп жүрді. «Шетелден келе жатыр» деп қолдауын аямады. Мені жалғызсыратпауға тырысты. Олардың дені жаяу саяхатқа, алыс қашықтыққа жүгіруге қызығатындар екен. Жанашыр жандар мен Жаркентке жеткенде сонау Алматыдан тамақ жеткізіп жүрді. Ал Алматыдан алыстап кеткенде, өзім бұрын танымайтын астаналық Есболат деген ағамыз көлігімен келді. Елдімекен жок жерлерде түнейтін жерде қасымда болып, тамағымды, артық заттарымды көлігімен алып ілесіп отырды. Мен сапарға жалғыз аттанған едім. Сондықтан арнайы ілесетін көлік және адамдар қажет емес деп шештім. Алайда кеңпейіл халқың көмек қолын ұсынды. Мұндай жандар Қытай аумағында, қазақ жерінде де көп болды. Өз ауылының шетінен күтіп алып, келесі ауылға дейін көлігімен еріп отырды. Кейде суым таусылып қалса, солар әкеліп беретін. Сосын кей жағдайда азық-түлікті солардың көмегімен

алып отырдым. Өйткені кідіріп қалмас үшін жол бойында дүкен аралап, базарға тоқтап жүретін уақытым жоқ еді.

— Жол ұзақ болғанда адамның өзі көп нәрсеге зейін қойып, айналасындағы жағдайларға қатысты тоқтап жасап, бір қорықтың шығаратыны анық. «Сыр көз сыныш» емес пе? Сондай түйген ойыңыз болса, айта отырсыз ба?

— Қазақстанның аумағындағы ауылдық елді мекендер қазіргісінен де жақсы дамуы керек деп ой түйдім. Сапарымның өн бойында көптеген шалғай ауыл, қыстақтардың үстінен өттім. Ірі орталықтардан қашықта жатқан ауылдардағы жағдайды көзіммен көрдім. Ауылдардың дамуы біраз артта қалған. Ішін ашиды, «неге дамымай қалды, өркениет неге алыс ауылдарға жетпеген?» деп ойладым. Соларды қазіргі заманға сай етіп дамытуға, онда адам қызығып тұратындай етіп жаңғыртуға талпыну керек.

Ауылды дамыту, табысын арттыру қажет. Отандық өнеркәсіп, шағын зауыттар осындай ауылдарда ашылып, тұрғындардың табыс көзіне айналуды тиіс. Компания құрып, осындай кәсіппен өзім де айналысайын деген ниетім бар. Алайда жеке адам жана бизнесті өзі ғана бастауы, алып кетуі қиын. Мыннан бір адам ғана ондай табысты істі соңына жеткізе алады. Сондықтан маған осы тұста қолдау болса, көмек беріле деген үмітім бар. Тағы айта кетер жайт, мен қазақ жеріне біржола келдім. Осында қалып, елімнің көркеюіне бір адамдай үлес қоспақпын. Қазақ жерінің ғажайып табиғатын көрдім. Соны видеоға түсіріп, әлеуметтік желідегі парақшамда ұдайы жариялап келемін. Қытайдағы қандастар арасында осы видео мен суреттер көп қаралып, атажұртымызға барлығы ерекше қызығушылық танытып жатыр.

— Жолда есте қалатын оқиғалар кездесті ме?

— Нұрлы деген ауылдың тұсынан өтіп бара жатқанда, ауылдың тұрғыны менімен сөйлесіп, мақсатымды біліп, «бауырым екенсің» деп қуанып қалды. Үйіне жүгіріп барып, бір жәшік бұлдірген алып келді. Осындай ыстық ықыласқа риза боласын. Көңілі қалмасын деп бір уыс бұлдірген жеп, алғысымды айттым. Өте қажетті заттан басқа ештеңе аркалап жүрген жоқпын. «Мынаның бәрін алып кет» деп жәшігімен ұстатқан жемістен бас тарттым.

— Жергілікті әкімдіктер тарапынан қолдау болды ма?

— Қолдап жатыр. Кейбір үлкен елді мекендерде арнайы күтіп алды. Ондайда халық қошеметтеп қарсы алып, оркестр ұлттық ән-күйді тәгіп тұрды. Қарағанды облысында моңғолиялық депутат апайымыздың бастамасымен бір қауым жұрт қала шетінде күтіп алды. Ал елорда шетіне жеткенде біраз белсенді азамат күтіп алып, Алматы ауданындағы Достық үйіне дейін жаяу ілесіп келді. Достық үйі алдында қауым жұрт сапарымның соңғы нүктесі қойылған сәтте қошемет білдірді. Ақын бауырымыз сапарымды жығға қосып, арнау айтты. Оркестр халық күйлерін ойнап отырды. Осы жиында Астана қаласы әкімінің орынбасары Есет Байкентің алғыс хаты табыс етілді. Сонымен қатар «Отандастар Қоры» коммерциялық емес акционерлік қоғамы басшылығының қабылдауында болды. Аздап тынығып алған соң қаланың көрікті жерлерін аралап, тамашалай бастадым.

Жалпы осы үлкен арманымды іске асыруға көп адам көмек қолын созды. Сондай жандарға басымды иіп алғыс айтамын. Бәрінің атын атап шығу мүмкін емес. Манас ауданынан атажұрттына қоныс аударған жерлестерім көмектеріне аямады. Сосын жергілікті аумақтық әкімшілік тараптарынан да қолдаудан елеусіз қалып жатқан жоқпын.

— Өзіңіз туралы айтып берсеңіз?

— Мен 1997 жылы 1 мамыр күні Қытай Халық Республикасының Шыңжаң-Ұйғыр автономиялық өлкесінің Санжы аймағы Манас ауданында Шоқан деген ауылда дүниеге келдім. Өке-шешем кішкентай кезімде дүниеден өткен. Үш жасыма нағашымның қолында қалдым. Ол кісі өз баласынан кем қылмай өсірді. Мектепті бітірген соң Қытайдың ең солтүстік провинциясының астанасы — Харбин қаласындағы жоғары оқу орнында білім алдым. Экономика саласына қатысты мамандық алып шықтым.

Қытайда туысқандарым бар. Олардың тұрмыс-тіршіліктері жақсы, ел қатарлы өмір сүріп жатыр. Қазақстанда жамағайын туыстарым бар, қазір соларға аялаудым. Олар да өзінің туған баласындай қарсы алды.

Болашақта елде қалып, кәсіп бастап іс жүргізім келеді. Мұнда мемлекеттің кәсіпкер жастарға қолдауы айрықша деп естиміз. Осы бастамаға қолдау жасалса деген ойым бар. Отандық өндірістің дамуына серпін берілісе, қазақ өзі тұтынатын тұрмыс затын елде жасап шықса деген ниетім бар. Сыртта жүргенде «барлық тауар шетелден тасылады» деп естіп қалып жатамыз. Сондықтан шағын зауыт, өндіріс орындарын көптеп ашуға ден қойыла... Сонда біз секілді халықтар осындай кәсіпті игеріп, халықтың сұранысына сай дүниені жасап беруге тиіс.

Сондай-ақ, барлық қазақстандықтарды Астана күнімен құттықтаймын!

— Әңгімеңізге рақмет.

Сұхбаттасқан  
Жәнібек АМАНГЕЛДІ



Астанада журналистер аллеясының салтанатты ашылу рәсімі өтті. Жаңадан бой көтерген саяжол барша бұқаралық ақпарат құралдары қызметкерлерінің басын қосатын әртүрлі мәдени іс-шара өтетін көрнекі орынға айналмақ.

Аталған шарада сөз алған Ақпарат және қоғамдық даму министрі Дархан Қыдырәлі бұл аллеяны отандық журналистерге көрсетілген құрметтің бір көрінісіне бағалады.

# ЖУРНАЛИСТЕР аллеясы

## АШЫЛДЫ

Жанель ҚҰТТЫБАЙ

«Бүгін – қазақ журналистикасы үшін тарихи сәт. Журналистер саябағының ашылуын елімізде журналистерге көрсетілген құрметтің бір көрінісі деп бағалауға болады. Осыдан екі жыл бұрын дәл осы маңда Мемлекет басшысының қатысуымен Алаш қайраткерлерінің ескерткіші ашылғаны белгілі. Сол калагерлер аллеясына ұласып жатқан журналистер саябағы ұлттық руханияттың сабақтастығын көрсетеді. Журналистер саябағындағы сәнді стеллада қазақ ұлттық баспасөзінің бағдары болған Ахмет Байтұрсынұлы мен тәуелсіз қазақ басылымдарының баһадүрі Шерағанның бейнесі қатар орналасуы да ұлылардың ұлы жолының жалғастығын білдірсе керек. Сондықтан елдегі белгілі басылымдар мен ақпарат құралдарының аты қашап жазылған бұл ескерткішті отандық журналистиканың жылнамасы деп



бағалауға болады», – деді министр.

Сонымен қатар осы ігі бастамаға қолдау көрсеткен елорда әкіміне де өз алғысын білдірді.

«Жалпы, елорданың өркендеуіне журналистер көп еңбек сіңіріп жатыр. Астана Алатаудан Арқаға ауғанда көштің басында Шераған жүрген еді. Сондықтан бұл игі іс-шара Астананың туған күніне, 25 жылдық мерейтойына арналған үлкен тарту. «Егеменнің» алдындағы қараусыз жатқан жерді сәнді саябаққа айналдыру идеясы осыдан төрт жыл бұрын, бас басылымның ғасырлық белесінде келген еді. Соның сәті бүгін түсіпті. «Егемендіктермен» бірге барша әріптесімді құттықтаймын. Болашақта бұл саябақ барша журналистердің басын қосатын, шығармашылықтарына шабыт беретін, игі іс-шаралар өтетін алаңға айналады деп сенемін. Осы іске қолдау көрсеткен қала әкімі Жәніс Махмұдұлына алғыс айтамын», – деді Д. Қыдырәлі.

Өз кезегінде Астана қаласының әкімі Жәніс Қасымбек журналистика ел дамуына үлес қосатын ерекше сала екенін атап өтті.

«25 жылдың ішінде елордамыз тек әкімшілік орталық емес, шығармашылық, мәдени және рухани орталыққа айналды. Журналистика – қоғамның дамуына айтарлықтай үлес қосатын, зор жауапкершілікті қажет ететін кәсіп. Күн сайын тұрғындарға өзекті тақырыптар мен маңызды ақпараттарды жеткізіп жүрген мамандардың еңбегін ерекше атап өткім келеді. Осы ретте журналистер аллеясының бас қаламызда бой көтеруі заңды құбылыс деп санаймын», – деді қала әкімі Жәніс Қасымбек.

Айта кетейік, журналистер аллеясы Астанадағы Егемен Қазақстан көшесінде орналасқан.



## ҮЗДІКТЕР ЖЕҢІС ТҰҒЫРЫНДА

«Тұмар-2023» ұлттық телевизиялық бәйгесінің жүлдегерлері белгілі болды. Байқаудың басты мақсаты – отандық телевизиялық индустрияны дамытуды қолдау және оның бәсекеге қабілеттілігін көрсету.



айында табысталды. Сондықтан «Тұмар» сыйлығына анимация, спорт журналистикасы еніп отыр, – деді Дархан Қыдырәлі.

Телевизиялық байқау 12 номинация бойынша өтті. Жалпы, байқауға қатысу үшін 300-ге жуық өтінім келіп түсті, ең көп өтінім «Үздік тележүргізуші», «Үздік тележурналист», «Үздік әлеуметтік жоба» номинациялары бойынша қабылданды. «Тұмар» ұлттық телевизиялық байқауына республикалық және аймақтық телеарналар, студиялар және кәсіби телевизиялық контент шығаратын компаниялар қатысты. Биылғы байқаудың жаңашылдығы – алғаш рет «Үздік спорт комментаторы» және «Үздік журналистік зерттеу» номинациялары бойынша журналистер өз бағын сынады.

«Тұмар-2023» ұлттық телевизиялық бәйгесі Астана қаласының «Казмедиа орталығында» өтті. Телевизиялық бәйгенің жеңімпаздары: үздік ақпараттық бағдарлама – «Дневной формат» – Atameken Business телеарнасы, үздік әлеуметтік жоба – «Жанашыр» – «Жетісу» телеарнасы, үздік журналистік зерттеу – «Арнайы репортаж» – «Хабар 24» телеарнасы, үздік аналитикалық бағдарлама – Apta – Qazaqstan ұлттық телеарнасы, үздік ток-шоу – «1001 түн» – Qazaqstan ұлттық телеарнасы, үздік ойын-сауық бағдарламасы – «Түнгі студия» – Jibek Joly телеарнасы, үздік деректі фильм – «Абайдың соңғы күндері» – «Хабар» телеарнасы (Камал Смайылов атындағы арнайы сыйлық), үздік анимациялық фильм – «Дәрігер Дана» Rio Production ЖК (Әмен Қайдаров атындағы арнайы сыйлық), үздік аймақтық телеарна – Caspian News – Атырау қаласы, үздік тележурналист – Әйгерім Мұздыбаева, «Еуразия» бірінші арнасы, үздік тележүргізуші – Светлана Булатова «КТК» телеарнасы, Еркін Байғабылұлы – «Хабар 24» телеарнасы, үздік спорт комментаторы – Есей Жәнісұлы – Qazsport телеарнасы – (Аманкелді Сейітханов атындағы арнайы сыйлық), арнайы жүлде «31 арна» телеарнасына отандық телевизиялық саланың дамуына қосқан үлесі үшін табысталды.

Жанель ҚҰТТЫБАЙ



Меншік иесі – «Айқын-Литер» ЖШС

Директор –  
Ысқақ ЕГЕМБЕРДИЕВ

Бас редактор –  
Амангелді ҚҰРМЕТ

Гүлзина БЕКТАС –  
Бас редактордың  
бірінші орынбасары

Шынболат КҮЗЕКБАЙ –  
Шығарушы редактор

Асқар БЕК –  
Сайттың бас редакторы

Елдар ҚАБА –  
Секретариат меңгерушісі

АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:

Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ –  
Ақмола облысы  
Нұрболат АДЫРБЕК –  
Алматы қаласы  
Саятхан САТЫБАҒАН –  
Жамбыл облысы  
Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ –  
Қарағанды облысы  
Назғұл НАЗАРБЕК –  
Шымкент қаласы  
Роза ШӨКЕН –  
Солтүстік Қазақстан облысы  
Ербақыт ЖАЛАҒАСБАЙ –  
Қызылорда облысы  
Баян ЖАНҰЗАҚ –  
Атырау облысы

«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ  
ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:

Кәсіпорындар,  
мекемелер үшін – 35102  
Зейнеткерлер,  
соғыс ардагерлері үшін – 45102  
Жеке жазылушылар үшін – 25102

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:  
8(701) 675-42-14, 8(7172) 72-95-31  
rekiana.aiqyn@gmail.com

ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМІ:  
8(771) 804-61-32  
podpiska.alt@gmail.com

Газет аптасына 3 рет шығады

Газет «Айқынның»  
компьютер орталығында беттелді

ТАРАЛЫМЫ: 40 000

Тапсырыс №4322

Астана қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС  
Сілеті көшесі 30,  
тел.: 8(7172) 99-77-77  
Алматы қаласы, «Алматы-Болашақ» АҚ  
Мұқанов көшесі, 223 В  
Шымкент қ. «ERNUR-print» ЖШС,  
Әлімқұлов көшесі 22,  
тел.: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114